# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

22.02.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№07 (8121)

AINA
ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР 3-бет

ÁLEÝMET
ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН 4-бет

QOĠAM
ҚАЛА КЕЛБЕТІН КЕСКІНДЕГЕН 5-бет

RÝHANIAT
НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ 6-бет

## ХАЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ НАСИХАТШЫСЫ

### «Ұлытау үні» фестивалі көрерменімен XXIX рет жүздесті

**Биыл – мысты шаһар үшін ерекше жыл. Қаланың 65 жылдық мерейтойы Елбасы жариялаған Жастар жылымен тұспа-тұс келді. Осындай айтулы даталар аясында жыл сайын Жезқазғанда дәстүрлі түрде өтетін халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі биыл жалауын XXIX рет көтерді.**



Өнерге ұмтылған жастардың басын қосып, өнерлерін шыңдап, үлкен сахнаға жолдама беретін «Ұлытау үні» фестивалі өнерлі де талантты, талапты да дарынды жастарды іздеп, оларды көпшілікке танытуды көздейді. Өйткені, дәл осы өнер фестивалінен қанат қаққан өнерпаздар бүгінде республикалық, халықаралық сахналардан көрініп жүр. Бұл – үлкен мақтаныш, зор жетістік.

Халықтық өнерді насихаттап, ел арасындағы өнерпаздардың қанатын қатайтуды мақсат тұтқан өнер мерекесінің ашылу салтанатына қала басшылығы, мекеме басшылары, өнерді қадірлейтін қала жұртшылығы және жергілікті өнерпаздар қатысты. Фестивальдің жалауын сахна төріне салтанатты түрде әкелу бақыты биыл Қарағанды облысы әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығының, «Үздік әнші – 2018» номинациясының иегері Зәуреш Омарова мен халықаралық «Шабыт – 2018» фестивалінің лауреаты Айзада Әбдіхалықоваға бұйырды. Көкке көтерілген жалау өнер байқауына бастау болды.

Жиналған қауымды алғаш болып қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтады.

►► 3-бетте

**_Қала мен Әнші_**
**_(Береке Көшеновке)_**

*Жыл артынан жылдар жүйткіп желеді,*
*70 жастың желкенін ол кереді.*
*...Жарты ғасыр жүрісінен жаңылмай,*
*Жезқазғанын әнмен тербеп келеді.*

*Туған жердің биігіне ту ілген,*
*Алла алдында адалдыққа жүгінген.*
*...Даласына тартып туған тарланбоз,*
*Қаласына айрықша еңбек сіңірген.*

*Кенді өлкенің қазанында қайнаған,*
*Ән тұлпарын жезқазыққа байлаған.*
*Мыс қаласы мұңайса, ол да мұңайып,*
*Жез қаласы жайнаса, ол да жайнаған.*

*Өз қалам деп өзегінде от жанды кіл,*
*Санасында жаңғырады сан дүбір.*
*...Ойып алған өз орны бар өнерде,*
*Қаласымен қатар өскен – Ән ғұмыр.*

*...Емес әлі ол – анау айтқан қара шал,*
*Алда талай асулары бар асар.*
*Қаласынан бес жас үлкен Бекеңді,*
*Жетпістегі жігіт десек жарасар.*

**Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ,**
**Ұлытау ауданының Құрметті азаматы**

---

**Қарағанды облыстық білім басқармасы мен «Сарыарқа дарыны» ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен қаламыздағы «№3 «Білім-инновация» лицей-интернаты «Kazakhstan Robotics Challenge-2019» атты оқушылар арасында республикалық сайыс ұйымдастырды.**

## «KAZAKHSTAN ROBOTICS CHALLENGE – 2019»

### үздік өнертапқыштарды анықтады

DIGITAL KAZAKHSTAN

Сайыстың негізгі мақсаты – облыс көлемінде робототехника саласын дамыту, оқушылардың робототехникаға деген қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ, жас өнертапқыштардың талантын шыңдау, қолдау көрсету. Аталған бұл сайысқа облыстың қала, аудан, ауылдарынан 80-нен астам топ, яғни 160-тан астам жас өнертапқыш бақтарын сынады. Білім сайысына қатысушыларды Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, «Білім – Инновация» Халықаралық қоғамдық қорының солтүстік аймақ координаторы Нұрхат Қонақбаев, Қарағанды облысы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Саят Балмакаев және аталған орталықтың бөлім меңгерушілері Мейрамгүл Жәкешова, Дамысхан Серікжан, әдіскер Еркебұлан Қойбағаров және «№3 «Білім-инновация» лицейі интернатының директоры Диас Жұмаділов құттықтап, сәттілік тіледі.

Сайыс 6 бағыт бойынша өтті. Олар: Lego Mission (5 минут ішінде берілген 6 тапсырманы орындау), Lego Mini Sumo (салмағы 1 кг-ға дейінгі роботты аренадан ығыстырып шығару), Lego Grong Sumo (салмағы 2 кг-ға дейінгі роботты аренадан ығыстырып шығару), Lego Labyrinth (лабиринттің соңына дейін жылдам жету), Arduino Hackathon Competition (роботтармен басқарылатын радиомашина құрастыру) және соңғысы mBot Football Tournament (роботтар футболы). Міне, осындай күрделі әрі оқушының қызығушылығын туғызатын сынақта үміткерлер өте жоғары белсенділік танытты. Жүзден жүйік шыққан ерекше өнертапқыштар мен конструкторлық идеясы үшін 6 бағыт бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы Есенғали Иманғалиевтің дипломы және қаржылай сыйақасымен марапатталды.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

---

## АУҒАН АСУЫНДА ОТ КЕШКЕНДЕР

### лайықты құрметке бөленді

**Жезқазған қаласында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 30 жыл толуына арналған іс-шаралар жоғары деңгейде атап өтілді.**

1979 жылы желтоқсанда Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан жеріне кіргізуге шешім қабылданған болатын. 10 жылға жуық уақытқа созылған соғыста қаншама аналар мен әкелер боздағынан айырылып, зар жылап қалды. Қаншама уақыт өтсе де, бұл соғыс тарих бетінен мәңгі өшпек емес. Бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды. Отан бұйрығын орындау жолында біздің жерлестерімізде қауіп-қатерге бас тіге жүріп, нағыз ержүрек, отансүйгіштіктің ерен үлгісін көрсетті. Жат жерде жерлестеріміз Асылбек Мамажанов, Ғибадат Құттыбаев, Виктор Тарадай, Манарбек Сансызбаев, Олег Морозов ерлікпен қаза тапты. Бүгінде 86 жезқазғандық жауынгер-интернационалист қаланың қоғамдық-мәдени, саяси өміріне белсенді атсалысып келеді.



Кеңес әскерлерінің ауған топырағынан шығарылғанына 30 жыл толуына орай қаламызда ұйымдастырылған іс-шаралар Ғарышкерлер бульварындағы ескерткіш алдындағы митингімен басталды. Еліміздің әнұраны орындалысымен жиналған қауым күні кеше ғана бақилық болған мұсылман батальонын басқарған, сауатты басшылығының арқасында талай сарбаздың өмірін құтқарған даңқты командир, жалпақ жұртқа «Қара майор» деген атпен таныс Борис Керімбаев пен жат топырақта қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, рухтарына тағзым етті.

►► 3-бетте

---

ТҰСАУКЕСЕР

**С.Сейфуллин атындағы кітапханада дәстүрлі әнші, жерлесіміз Амангелді Күзеубайдың «Домбырамен ән салу» атты оқу-әдістемелік құралының таныстырылымы өтті.**

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ – СЕНІМДІ КӨМЕКШІ



Амангелді Күзеубай – Шет ауданының тумасы. Жезқазған музыкалық колледжінде оқып, дәріс алған. Кейін өнері мен білімін шыңдау үшін Алматы қаласындағы өнер академиясына оқуға түседі. Бүгінде – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы «Халық әндері» кафедрасының меңгерушісі. Ол жас буынға домбырада ойнау, домбырамен ән шырқауды үйретіп, халық өнерін насихаттап келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «...қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі аспаптармен орындауға арналған маңызды туынды топтамасын, ұлы даланың өлке сарындарын жинап, басу қажет» делінген. Амангелді Күзеубайдың оқулығы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылым комитетінің тарихи-мәдени мұрасын кешенді түрде зерттеу және оны қоғамдық білім, бұқаралық мәдениет, ақпарат салаларына енгізу» гранттық жобасы аясында оқу-әдістемелік құрал ретінде басып шығарылды.

Кітаптың беташар рәсімінде сөз сөйлеген кітап авторы оқулық музыка мектептері мен орталықтарында дәріс беретін мұғалімдерге көмекші болатынына сенім білдірді.

Кітаптың тұсаукесеріне әншінің ұстазы Ғалым Мұхамедин, ақын әрі жерлесі Ғазиз Ештанаев, Б.Майлин атындағы республикалық қордың төрағасы Табын Жұмабек, ҚР мәдениет қайраткері Жалын Сыздықов, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты Рахат Бекасылов қатысты. Олар қазақтың өнертану саласында қазақ тілінде арнайы кітаптарды табу қиын екенін айтты. «Домбырамен ән салу» кітабы осы тапшылықтың орнын толтырады деп пікірлерін жеткізді. Осындай «көмейіне өлең-жыр ұя салған» дүлдүлдер қатысқан шара шағын мерекелік кешке ұласты. Қазақтың халық ән-жырларын шырқап, болашақ жастарға насихаттап жүрген әнші ағаларымыз қазақтың киелі қара домбырасын қолға алып «әу» дегенде адам бойы еріксіз шымырлап кетті. Залда бір сәтке үнсіздік орнады. Алыстан келген қонақтар «Ақбақай», Сәкеннің «Тау ішінде» сынды әндерді орындап, жиналғандарды бір серпілтіп алды.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Ғалия Түгелбаева кешті қорытындылап, Амангелді Күзеубайға құттықтау хат пен естелік сыйлық тарту етті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

---

МЕМОРАНДУМ

## МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ МЕДИАЦИЯНЫ ҚҰП КӨРЕДІ

**Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ляззат Ранова мен «Медиацияны дамыту орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кәсіби медиаторы Жұлдыз Есмурзина әріптестік меморандумға қол қойды.**



Жезқазғандық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары қатысқан жиынның алғы сөзін алған Ляззат Ранова кәсіби медиатормен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатудағы басты мақсатқа тоқталды.

– Елбасының тапсырмасы бойынша қабылданған «Медиация туралы» Заң бүгінде біздің қоғамымыз үшін қажет екенін уақыт көрсетті. Жалпы, дауларды сотқа жеткізбей шешудің баламалы түрі қазақ халқына жат емес. Ықылым замannan ата-бабамыз сөзге тоқтағанын тарих беттерінен білеміз. Бұрынғы бітімгершілік дәстүрін жалғастыру мақсатында қазір елімізде көптеген дау-дамайлар өз шешімін табуда. Ол үшін соттың алдына барып, прокурордың сұрақтарына жауап берудің қажеті жоқ. Денсаулық сақтау саласы қашаннан өзекті екені белгілі. Даулы сұрақтар бізді айналып өтпейтіндіктен осы қадамға келуді құп көрдік. Түсініспеушіліктер тек науқас пен дәрігердің ортасында ғана емес, сонымен қатар еңбек қатынастарына байланысты басшы мен жұмысшы арасында да болады. Міне, осындай келіспеушіліктердің бәрін кәсіби медиатордың көмегімен бір жақты шешетін боламыз, – деген денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы бүгінде Жезқазған қалалық орталық ауруханасы мен балалар үйі кәсіби медиатормен өзара ынтымақтастықты жолға қойғанын жеткізді. Қазір орталық ауруханада психолог әрі медиатор штаты ашылып, бұл қызметті Балшекер Ермағамбетова атқарып жүр.

Әріптестікті нығайтып, өзара тәжірибе алмасумен қатар, денсаулық сақтау саласындағы дау-жанжалдарды сот алдына жеткізбей шешуге үлес қосуға барын салатынын жеткізген кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігі ұжымының жұмысына сәттілік тіледі.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## *Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ:* ХАЛЫҚ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ӨЗ ЕРКІМЕН КӨШІП ЖАТЫР



**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде Арыстанбек Мұхамедиұлы латын графикасына халықтың еш үгіт-насихатсыз, өз еркімен көшіп жатқанын айтты.**

– Латын әліппесінің біздің министрлік ұсынған нұсқасы Елбасының да, халықтың да тарапынан қолдау тауып отыр. Біз бұл нұсқаны ғалымдармен ақылдаса отырып жасадық. Бағдарлама бойынша 2025 жылы көшуіміз керек. Қазірдің өзінде байқасаңыздар мекемелердің маңдайшасындағы жазулардың көбісі латын әліпбиімен жазылуда. Әрине, бір-екі әріпке сын айтушылар бар. Бірақ әлемнің бір де бір елінде халықтың көңілінен толық шығатын графика жоқ. Тіпті, ағылшып, неміс, французлар да үш әріпті қосып бір әріп қылып оқиды. Оларға қарағанда біздің әліпби өте ыңғайлы, – деді министр.

## ҚАЗАҚСТАНДА 65 МИЛЛИОН ГЕКТАР ЖЕР ЦИФРЛАНДЫ




**Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Үкімет отырысында 2018 жылы агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру қалай жүргізілгенін айтты.**

– Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру аясында еліміздің 14 пилоттық шаруашылығында нақты егіншілік элементтері енгізілген. Осылайша фермерлердің шығындары орташа есеппен 15-20% азайып, астық өнімі 2,5 есеге артты. 2019 жылы смартфермаларды 500 шаруашылыққа дейін жеткізу жоспарланған. Мысалы үшін: «Бараева» ғылыми-өндірістік орталығы операциялық шығындарын 15-20% төмендетті. Бұл 250 миллион теңгені үнемдеуге мүмкіндік берді. Осылайша 198 миллион теңге пайда тапқан. Жалпы айтқанда қазіргі уақытта 65 миллион гектар жер цифрланды, – деді министр.

Абаев субсидиялаудың 5 түрі электрондық форматқа ауыстырылғанын айтты. Сондай-ақ, фермерлерден келіп түскен 23 мың өтініш электронды жүйе бойынша қаралып, электронды астық қолхаттары жүйесі енгізілген.

– Осылайша қолхаттарды беру уақыты 10 күннен 10 минутқа дейін қысқарды. Жалпы алғанда 146 мың электрондық астық қолхаттары шығарылды және 32 миллион тонна астық рәсімделді, – деді Абаев.

Оның айтуынша, 2018 жылы агроөнеркәсіптік кешендерін автоматтандырудың тиімділігі 2,2 млрд теңгені құраған.

## АСТАНАДА КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР АРЕНДАЛЫҚ ҮЙЛЕРДІ САТЫП АЛА АЛАДЫ

**Елордада көпбалалы отбасыларға келешекте сатып алу құқығымен пәтерлер жалға беріледі. Бұл туралы қала халқының алдында есеп берген Астана әкімі Бақыт Сұлтанов айтты.**

– Негізгі есепті бастамас бұрын, жақында ғана күллі қазақстандықтардың қабырғасын қайыстырған қайғылы жағдайға қатысты бірер пікір білдірсем деймін. Бес бүлдіршіннің қазасы бәріміздің еңсемізді түсіріп, көңілімізге қаяу салды. Осы бір оқиға көпбалалы аналардың мәселесімен қатар, басқа да қордаланған әлеуметтік проблемалардың бар екенін көрсетті. Жасырмаймыз, қауіпсіздік тұрғысында жедел шешуіміз керек түйіткілдер бар. Ендеше, біздің басты міндетіміз – осы кедергілерді жою және мұндай қайғылы жағдайлардың қайталануына жол бермеу, – деді қала басшысы.

Осы ретте әкім қала тұрғындарының көпшілігін алаңдатқан баспана мәселесін шешу механизмін қарастырып жатқандықтарын айтты.

– Оның ішінде, көпбалалы аналарға пәтерлерді жалға беретін боламыз. Жалға беріп қана қоймай, оны бірте-бірте сатып алуына мүмкіндік жасаймыз. Яғни, енді ай сайынғы маңдай термен тапқан қаржыны пәтер иесінің қалтасына салмайды. Оны түбінде меншігіне өтетін өз шаңырағына құятын болады, – деді Б.Сұлтанов.

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



**ҚР Жоғарғы соты «Мемлекеттік тілде облыстық және оларға теңестірілген соттар арасында ең үздік сот отырысы» байқауын ұйымдастырды. Қарағанды облыстық соты байқау комиссиясының шешімімен екінші орын иеленді.**

Байқауға сот отырыстарының материалдары, аудио-бейне жазбалары ұсынылды. Комиссия Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының жұмысын бағалады. Тотай Ерімбетов, Айткамал Қазтаева және Алмагүл Айкенова сот төрелері, сондай-ақ, хатшы Әсел Сұлтанова азаматтық істі апелляциялық сатыдағы отырыста қарау кезінде тіл талаптарын сақтай отырып, жоғары кәсіби деңгейін көрсете білген.

Қарағанды облыстық сотының төрағасы Нұрсерік Шәріпов Қарағанды облыстық сотының судьясы Тотай Ерімбетовке ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асановтың дипломын табыс етті.

Сот отырысының республикадағы ең үздік деп танылған мемлекеттік тілдегі жазбасы енді сот төрелігі Академиясында оқу құралы ретінде пайдаланылатын болады. Ол сондай-ақ, облыстық соттардың фронт-кеңселерінде көрсету үшін берілді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТАРИФТЕРІ мен САПАСЫ

***Ұлттық экономика вице-министрі Президент тапсырмасының орындалу барысы жайлы айтып берді***

**Қазақстан өңірлері мен жалпы елімізде коммуналдық қызметтер тарифтері қаншалықты төмендегені, мемлекетке қандай үнем болатыны туралы PrimeMinister.kz-ке берген эксклюзивті сұхбатында ҚР ұлттық экономика вице-министрі Серік Жұманғарин айтып берді.**



Ұлттық экономика вице-министрінің айтуынша, Президенттің 2018 жылғы 7 қарашада Қауіпсіздік кеңесінің отырысында берген тапсырмаларын орындау аясында 40 күн ішінде кешенді жұмыстар жүргізілді. Шекті тарифтер саясатын іске асыру аясында тарифтердің бағасы артуы тиіс болғанына қарамастан, қабылданған шаралардың арқасында коммуналдық қызметтердің бағасы арзандады. Өткен жылғы қарашада өтемдік тарифтер енгізілді, олардың ортақ сомасы 14 млрд теңгені құрайды. Ұлттық экономика вице-министрінің түсіндіруінше, өтемдік тариф табиғи монополиялар субъектілері мақсатсыз жолмен пайдаланған сомадан құралады.

– Егер субъект өз қаражаттарын кей жерлерде дұрыс пайдаланбаған болса, біз бұл қаржыны тарифтен алып тастаймыз, сәйкесінше тариф соншалықты төмендейді. Өтемақы кезеңі субъект аталған соманы өтеу қажет болғанда таңдалады, – деді С. Жұманғарин.

Вице-министр тарифтердің төмендеуі коммуналдық қызметтердің сапасына теріс әсер етпейтінін айтты.

– Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласына көптеген инвестициялар құйылды. 1 трлн теңгеден астам тартылды, оның өзі бюджеттен тыс көздерден алынған. Бюджеттен бір тиын да тартылған жоқ. Сонымен қатар, желілердің тозу мәселесі де шешілді. Тозу алғаш рет 1,5%-ға қысқартылды, — деп спикер, ауқымды жұмыстар 2006 және 2008 жылдары жүргізілгенін атап өтті.

Коммуналдық қызметтерге де, кондоминиум қызметтеріне де тарифтерді төмендету жұмыстары орындалды. Нәтижесі — ақпан айында қазақстандықтар қаңтар айында көрсетілген коммуналдық қызметтердің төмендетілген тарифтерге сәйкес түбіртектерін алды. Сондай-ақ, тұтынушыларға тарифтердің төмендетілгенге дейінгі (2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі) және төмендетілгеннен кейінгі (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап) бағалар көрсетілген ақпарат ұсынылды.

Ұлттық экономика вице-министрінің айтуынша, ең үлкен сома жылумен қамту қызметтеріне алынады. Атқарылған жұмыс қорытындылары бойынша, бұл бағытта 22% дейін төмендету болды. Азаматтар бір жыл ішінде жалпы 6 млрд теңгеге жуық үнемдейді.

– Жылу бойынша ең үлкен чек шығады, төмендету болды, мәселен, Қарағанды облысында 2,7%-дан Шымкентте 22,2 %-ға дейін. Су мен кәріз жүйесі бойынша Павлодар облысында 3%-дан Қызылорда облысында 22,7%-ға дейін. Су мен кәріз жүйесі бойынша үнем шамамен 2 млрд теңге, газбен жабдықтау бойынша – Қызылорда облысында 1,5%-дан Алматы облысында 17,5%-ға дейін – 5 млрд теңгеге жуық үнемделеді. Электрмен жабдықтау бойынша Алматыда 2,8%-дан Атырау облысында 18% дейін – тұрғындар 14,5 млрд теңгеге жуық үнемдейді, – деді С. Жұманғарин.

Осы жылдың басынан бері тарифтерді қысқартуды ескергенде халық шамамен 28 млрд теңге үнемдейді, ал бұған дейін атқарылған жұмыстарды ескерсек, онда тұтынушылардың қалтасында 40 млрд-қа жуық теңге қалады.

Вице-министрдің айтуынша, ұсынылатын қызметтердің сапасы мен тариф қалыптастырудың айқындығын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінде цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр, олар аталған қызмет көрсету саласын едәуір жаңғыртуға мүмкіндік береді.

– Елбасы жақында жаңа заңға қол қойды, ол бүгінде күшіне енген, онда өте көп қосымша бар. Енді табиғи монополиялар субъектілері өтінімдерді тек электронды форматта беретін болады. Егер адамның қандай да бір бастапқы экономикалық білімі болса, онда ол сол өтінімді қарап, өз ескертулерін айта алады, – деді С. Жұманғарин.

Еліміздің барлық өңірлерінде 102 қоғамдық қабылдаулар ашылды, олар халық тарапынан түсетін шағымдар мен ұсыныстарды қабылдайды, олардың нәтижесі бойынша тиісті тексеру жұмыстары жүргізіледі. Будан өзге, тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдарын нығайту жұмыстары қолға алынған. Енді әрбір өңірде кемінде 3 қоғам жұмыс істейтін болады, сондай-ақ экономикалық немесе құқықтық білімнің болуына байланысты біліктілік талаптары енгізілді.

Ұлттық экономика вице-министрі коммуналдық қызметтер бағасында негізгі үлесті жылуды тарифтеу алатынын атап өтті. Осыған орай, С. Жұманғарин азаматтарға жылу мен электр қуатын үнемдеудің қарапайым тәсілдері туралы бірнеше кеңес берді.

– Бізде тарифті саралау жұмыстары жүргізіліп жатыр, яғни жылуды есептеудің үйге ортақ құралдары бар азаматтар, оны орнатпағандарға қарағанда азырақ ақы төлейді. Сондықтан да арнайы құрылғыны сатып алып, оны орнатуды талап ету қажет, өйткені онда мүлдем басқа тарифтер көрсетілген, олар әлдеқайда төмен, – деді Ұлттық экономика вице-министрі.

Бұған қоса, С. Жұманғарин Астанада үйлердің 99%-ында қондырғы орнатылғанын айтты.

Сонымен қатар, Ұлттық экономика вице-министрі үйдегі энергия көздерін барынша үнемді нұсқаларға алмастыруға кеңес берді.

– Бұл – қарапайым заттар, мәселен, үйде шамдарды ауыстыру, яғни 8–12 ватты заманауи үнемді шамдарды пайдалану қажет. Жарық шығару деңгейі де тура сондай, тіптен олардың кепілдігі бар. Жылу мен электр энергиясы – бұлар қаражатты көп талап ететін қызметтер, мәселен, қайнату ұзақтығы бірдей, дегенмен қуат көзін аз тұтынатын шәйнек сатып алуға болады. Жалпы, қандай да бір техниканы сатып алған кезде, энергия тұтыну деңгейіне қарап алу керек, – деп түйіндеді С. Жұманғарин.

# ҮКІМЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖИНАҚТАРЫ мен ЖЕҢІЛДІКТІ АВТОНЕСИЕЛЕНДІРУ ТЕТІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ 5 ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

**Сейсенбі күні ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін және отандық автомобиль жасаушыларды бюджеттік несиелендіру мәселелері бойынша Үкімет Қаулысының жобасы мақұлданды. Аталған мәселеге қатысты индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Ж. Қасымбек баяндама жасады.**



Тұрғын үй құрылыс жинақ банк жүйесі бойынша 660,6 млрд теңге жинағы бар 1,3 млн салымшы тіркелген.

Бұл салымшылар мемлекеттік қолдау шаралары есебінен баспаналы болуға ниетті «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының әлеуетті қатысушылары. 44,7 мың салымшының 195,9 млрд теңге жинағы бар (пәтер сомасынан 20% астам).

Өткен жылы банк 38,3 мың займ берді. Бұл 2017 жылдың деңгейінен 47%-ға артық. «2019–2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң аясында 2019 жылға 28 млрд теңге бөлу қолдау тапты. Бюджеттік несие Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне 20 жылға беріледі.

Ж. Қасымбек тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі баспана алудың ең тиімді құралдарының бірі екенін атап өтті. Салымшыларға берілетін займдар бастапқы жарнасы 20%-ға дейін болған жағдайда 25 жылға 5%-пен беріледі.

Мәселен, құны 8,4 млн теңге болатын пәтердің (60 шаршы метр екі бөлмелі пәтер) ай сайынғы төлемі 60 мың теңгені құрайтын болады.

Бөлінген қаржы 3111 салымшының қолжетімді займ алуларына мүмкіндік береді. Бұл қаржы алдағы 15 жылда 3 рет айналымда болады, яғни тағы 6 мың салымшыға займ беріледі.

Жеңілдікпен автонесиелеу бағдарламасы 2015 жылы іске қосылды. Ол жеңіл автокөліктерді несиелеуге және коммерциялық техниканы лизингтік қаржыландыруға бағытталған. Бұл бағдарлама аясында 3 жылда 13 992 жеңіл автокөлік, лизингке 747 коммерциялық техника берілді.

Отандық автоөндірушілерді қолдау мақсатында және халықты қолжетімді несиемен қамтамасыз ету үшін бұл тәжірибе жалғасатын болады. Биыл екінші деңгейлі банктерді жеңілдікпен қаржыландыру жолымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 10 млрд теңге бөлу жоспарлануда. Оның 8 млрд теңгесі жеңілдікпен автонесиелеуге, ал 2 млрд теңгесі коммерциялық техниканы лизингтік қаржыландыруға беріледі.

Алғашқы кезеңде 2 мыңнан астам автомобиль сату жоспарлануда. Келесі жылдары револьверлік қаражат есебінен бағдарлама бойынша орта есеппен жылына 400-500 отандық автомобиль сатылатын болады.

Министрдің айтуынша, 18 жыл бюджеттік несие беру автомобиль жасау саласын дамытуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

- жалпы сомасы 33,7 млрд теңгенің өнімін сату арқылы қосымша көлемге қол жеткізіледі;
- өндірістің жиынтық көлемі шамамен 8 128 автокөлікке жетеді;
- ел бюджетіне салық және басқа да міндетті төлемдер көлемі 9,3 млрд теңгеден астам сомаға ұлғаяды.

Қаржы, әділет, ұлттық экономика министрліктерімен келісіліп ұсынылған қаулының жобасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бюджеттік қаржыландырудың негізгі шарттары бекітіледі. Жобаны іске асыру үшін қаражаттар мемлекеттік бюджетте қарастырылған және Ж. Қасымбектің айтуынша, жоба теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға алып келмейді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ төрағасы А. Әріпханов бұған дейін бөлінген қаражат отандық автомобильдерді өндірудің тұрақты өсуіне әсер еткенін атап өтті. 2018 жылы 32,3 мың бірлік техника өндірілді. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстанда жасалған» белгісімен 28,2 мың жеңіл автокөлік сатылды. 2019 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасына және республикалық бюджет туралы заңға сәйкес несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру айналымын қамтамасыз ету мақсатында 28 млрд теңге бюджеттік несие бөлінеді. Сонымен бірге, Қазақстанның даму банкіне 10 млрд теңгеге бюджеттік несие бөлуді жоспарланып отыр.

Еліміздің өңірлерінде халыққа жеңілдетілген несие беру бағдарламалары қалай іске асырылып жатқаны туралы Астана қаласының әкімі Б. Сұлтанов пен Қостанай облысының әкімі А. Мұхамбетов баяндады.

# ЦИФРЛЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ – АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

**ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев цифрлық телехабарларға қосылатын облыстарды атады.**



Министрдің айтуынша, былтыр елімізде аналогтық теле-радио хабарларды таратуды кезең-кезеңімен тоқтату жұмыстары басталған болатын. Бүгінде төрт аймақ – Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл облыстары және Шымкент қаласы толығымен цифрлық теледидарға көшті.

– Осылайша, ауылдағы ағайын 15 отандық телеарнаны, ал облыс орталығының тұрғындары 30 арнаны жоғары сапада тамашалап отыр. Биыл біз Алматы, Павлодар мен Қостанай облыстарында цифрлық хабар таратуға ауыстыруды көздеп отырмыз. Осы бағыттағы жұмыстар 2022 жылы толық аяқталады деген жоспарымыз бар, – деді Д.Абаев министрліктің алқа мәжілісінде.

Оның айтуынша, мемлекеттік радио хабарларларын таратудың ауқымын ұлғайту шаралары да жалғаса береді.

Өткен жылы Алматы, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарының 300 мыңнан астам тұрғыны бар 12 шекара аймағына Қазақ радиосы мен «Шалқардың» хабарлары тарала бастады.

– «Қазтелерадиоға» осы жұмысты ерекше бақылауда ұстауды тапсырамын. Бұл – біздің ұлттық ақпараттық қауіпсіздігімізге тікелей ықпалы бар шаруа. Еліміздің ең шалғай жерлерін мекендеп отырған азаматтар радио қабылдағыштары арқылы Қытай немесе Ресей емес, Қазақстанның Әнұранын тыңдауы тиіс. Өсіп келе жатқан ұрпақ қазақ ертегілеріне құлақ түріп, жасөспірімдеріміз қазақ әндерімен сусындауы қажет деп ойлаймын, – деп атап көрсетті Д.Абаев.

*Бет материалдарын әзірлеген* **Дархан МҰХАН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!



**Президент «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында халықтың әл-ауқатының артуы ең алдымен, табыстың тұрақты өсуі мен өмір сүру сапасына байланысты екенін атап өтті. Осы орайда Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есеге өсіруге, яғни 28 мыңнан 42 мың теңгеге дейін арттыру міндеті қойылды. Бұл бастама түрлі салада жұмыс істейтін 1,3 млн адамға тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, жаңа 2019 жыл отандастарымыз үшін бірқатар заңдарға енген өзгерістерден басталды. Солардың бірі – 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ).**

# БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ

## *жаңа мүмкіндіктерге жол ашады*

Бірыңғай жиынтық төлем деген не және ол не үшін енгізілді?

Бірыңғай жиынтық төлем өзін-өзі жұмыспен қамтушы жеке тұлғалардың бейресми қызметін тіркеуді оңайлатуға бағытталған. Сол арқылы төрт міндетті төлемді: мемлекеттік кірістер органына төленетін жеке табыс салығын (ЖТС), Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ, Қор) төленетін міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды бір төлеммен жүзеге асыруға болады.

Бұл бізге қандай мүмкіндіктер береді?

Жеке кәсіпкер ретінде кәсіпкерлік қызметін тіркелместен жүзеге асыратын, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: БЖТ төлеген, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, қызметтерді салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана көрсететін және (немесе) акцизделетін өнімдерді қоспағанда, өзінің жеке қосалқы шаруашылығында өндірген ауыл шаруашылығы өнімін салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана өткізетін жеке тұлғалар БЖТ төлеушілер деп танылады.

Ал, сауда-ойын-сауық орталықтары аумағында жұмыстар атқаратындар (қызметтер көрсететін), тұрғын емес орын-жайларды жалға берушілер, жеке практикамен айналысатын адамдар, оралмандарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген адамдар БЖТ төлеушілер ретінде танылмайды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес БЖТ төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өз пайдасына Қорға төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1 еселенген мөлшерінің және басқа елдімекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшерінің 30 пайызын құрайды. Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын АЕК мөлшері қолданылады.

БЖТ төлеу мүмкіндігіне ие азаматтар барлық төлемдерді оңайлатылған тәртіпте төлеп, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатыса алады. Сонымен қатар, БЖТ төлеу арқасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық қызметтерге толық көлемде қол жеткізіледі, яғни, көрсетілетін медициналық қызметтердің бағасы мен түрі бойынша шек қойылмайды және медициналық мекемелерді таңдау құқығы беріледі. Бұдан басқа БЖТ төлеуші қазақстандықтар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысып, жинақтарын молайтады және қатысу өтіліне қарай мемлекеттік базалық зейнетақыны жоғары мөлшерде алуға үміт арта алады.

Жүйеге қатысушы жұмыстан, еңбекке қабілеттілігінен, асыраушысынан айырылған жағдайда, сонымен қатар, жүктілік, бала туу және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жоғары мөлшерде әлеуметтік төлемдер алу мүмкіндігіне ие болады.

Осылайша алатын табысты растаудың арқасында азаматтардың несие өтеу қабілеті арта түседі. Сәйкесінше олар өздерінің төлем қабілеттілігін растап, банктен несие ала алады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтушы жеке тұлғалар БЖТ-ны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына екінші деңгейдегі банктер немесе жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар (мысалы, «Қазпошта» АҚ) арқылы төлейді. Әрі қарай Мемлекеттік корпорация төлемді төрт бағыт бойынша: жеке табыс салығы ретінде мемлекеттік кірістер органына, әлеуметтік аударым ретінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, міндетті зейнетақы жарналары ретінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және әлеуметтік аударым ретінде Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Салық кодексіне байланысты импортталатын тауарлардың ҚҚС есепке жатқызу әдісімен төлеу барысында белгіленген тәртіппен тауарлардың тізбесін бекіту туралы» 2003 жылғы 19 наурыздағы № 269 қаулысында бекітілген тізбе негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден әкелу кезінде тауарлардың салығын төлеуін есепке жатқызу әдісімен қолданады, яғни ҚҚС іс жүзінде төленбейді. Мысалы қазір ауылшаруашылығын көтеру бойынша несие алып асыл тұқымды мал алған жағдайда, асыл тұқымды ірі қара мал белгіленген тауарлар тізбегінде болғандықтан есепке жатқызу әдісін қолданып жеңілдігін салық төлеушінің құжаттарына және Салық кодексінің 428-бабы бойынша пайдалануға болады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 267 бұйрығымен тауарлар импортына қосылған құн салығынан босату ережесі бекітілді, Ережеде Салық кодексінің 399-бабы 1-тармағының 1-13-тармақшасында көрсетілген тауар импорты бойынша қосылған құн салығынан босату тәртібін айқындайды. Мысалы медициналық және ветеринарлық қызмет көрсетумен байланысты алынған тауарлар (аппараттар,техникалар)жатады, салықтөлеушінің медицина бойынша рұқсат құжаттары (лицензия) болған жағдайда.

**«...Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын», – делінген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында. Осыған сәйкес, биылғы жылдың қаңтарынан бастап бизнес субъектілері салық органдарында жиналған айыппұлдары мен өсімақыларынан босатылды.**

# ЕЛУ БЕС КӘСІПКЕР САЛЫҚ АМНИСТИЯСЫНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРДІ

Салық амнистиясы – шағын және орта бизнеске берілген жақсы мүмкіндік. Бұл шара, ең алдымен, кәсіпкерлердің қаржылық жағдайын жақсартуға көмек¬теседі, қарыз ауыртпалығынан құтылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, салық амнистиясы қиын қаржылық жағдай¬дағы көп кәсіпорынды банкрот болудан сақтап қалады. Өз кезегінде өндірісін ұлғаюына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына жол ашылады. Шағын және орта бизнес кез-келген ел экономика¬сы¬ның маңызды тірегі болғандықтан, салық амнистиясы жалпы мемлекеттің әл-ауқатын көтеруге үлес қосады деуге негіз бар.

Амнистияға ілігу үшін салық төлеушілерге ешқайда барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық бет есептеріне мониторинг жасап, негізгі салық қарызын төлеген жағдайда үш жұмыс күнінің ішінде бұған дейін есептелген айыппұлдар мен өсімақыларды автоматты түрде алып тастайды. Салық төлеушілер негізгі қарызы мен өсімпұл мөлшерінің сомасын «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасына тіркеліп, біле алады. Және бет есебінен үзінді алуына даболады. Сондай-ақ, комитеттің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсы және «Электрондық үкімет» порталы немесе «Салықтық берешектің жоқтығы (бар болуы) туралы ақпарат» электронды сервисі арқылы онлайн режимде салықтық берешектің бар не жоғы жайында ақпарат алуына болады. Тек ЖСН/БСН енгізсе болғаны.

Оңалту рәсіміндегі және салықтар бойынша төлеу мерзімін ұзартқан салық төлеушілерге қатысты рақымшылық қолданудың тәртібі басқаша. Салықтық рақымшылыққа ілігу үшін осындай салық төлеушілер мемлекеттік кірістер органдарына тиісті өтінішті жолдап, салықтар бойынша негізгі қарызын ертерек төлеуі қажет. Одан басқа, оңалту рәсіміндегі салық төлеушілер оңалту жоспарына өзгеріс енгізіп, оны кредиторлар жиналысында келісіп, сотпен бекітуі қажет.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Жезқазған қаласында 76 027 мың теңге салық берешегі бар 55 шағын және орта бизнес субъектілері (36 заңды тұлғалар және 19 дара кәсіпкерлер) рақымшылыққа ілігеді. Олар 46 500 мың теңге көлемінде негізгі қарызды төлеген жағдайда 27 767 мың теңге көлеміндегі өсімпұл мен 1 761 мың теңгені құрайтын айыппұл есептен шығаруға жатады. Осы ретте 2018 жылғы 1 қазаннан бастап негізгі қарыз сомасын төлеу күніне дейін есептелген өсімпұл сомасы да жойылады. Бүгінгі күні Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 511 319 теңге көлеміндегі өсімпұл сомасын есептен шығарып үлгерді.

Дегенмен, салықтық рақымшылыққа ілікпейтіндер де бар. Олардың қатарына:

1) Мониторингке жататын, ірі салық төлеушілер;

2) Жер қойнауын пайдаланушылар (жер асты суын өндіру, емдеу балшығына құқығы бар жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда);

3) Акцизделетін өнімді өндіретін өндірушілер;

4) Кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар жатады.

Кәсіпкерлердің қаржылық жағдайының жақсаруына көмектесе отырып, елдегі шағын және орта кәсіпкерлікті жандандырып, мемлекет экономикасын өркендетуді мақсат еткен президенттің қолдау шарасынан құр қалмауға шақырамыз. Барлық шағын және орта бизнес субъектілері мен дара кәсіпкерлер негізгі борышын өтеуге асықса дейміз.

**Қаныш НАЗАРЫМБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы**

СЕМИНАР

# КІТАПХАНА – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

**Жезқазған гуманитарлық колледжінде «Идеялар: бастаудан іске асыруға дейін» тақырыбында өткен семинар-коучингке облыс төңірегінен колледж кітапханашылары ағылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған кездесудің өтуіне Қарағанды облыстық білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы мұрындық болды.**



Болашақ ұстаздардың «Кітапханашы қыз» әнімен шымылдығы түрілген кездесудің алғашқы сөзін алған білім ордасының директоры Айгүл Исахова:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы бір бағыт кітапханалардың рөлін жаңа деңгейге көтеруге арналды. Неге десеңіздер, ұлтымыздың барлық асыл мұрасын сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші осы кітапханалар болмақ. Жасөспірімдердің қоғамдық көз¬қарасының қалыптасуына ықпал ету, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болып өсулеріне бағыт-бағдар беру барлық кітапханашыларға жүктелгенін ескере отырып, бүгінгі семинар-коучингті өткізудеміз, – деді де жиналған кітапханашылар тәжірибе алмасып қана қоймай, кітапхана ісіне қатысты өзекті тақырыптарды талқылап, кәсіби біліктілігін арттыратынына сенім білдірді. Ал, Қарағанды облыстық колледж кітапханашылары әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Марина Сошникова кітап оқу, кітаптың оқылуын насихаттау рухани жетілудің басты көзі екенін тілге тиек етіп, семинар-коучинг жұмысына сәттілік тіледі.

Семинар-коучинг «Библиографиялық практикум», «Кітапханамен танысу», «Оңаша қалып өлеңмен...» атты библиокафкесі мен «айтайын дегенім ...» рефлексия сынды төрт бөлімнен құралды. Алғашқысында әр өңірден келген 22 кітапханашы өз тәжірибесімен бөлісіп, оқырмандарды, оның ішінде жастарды кітап оқуға көптеп тартуға мүмкіндік беретін жарнама үлгісін әзірледі. Бұл кезеңде кітапханашылар бір өнерлерін салып, қиялына ерік берді. Нәтижесінде кітапханалық жарнамалары көрнекі ғана емес тартымды да болып шықты. Гуманитарлық колледждің кітапханасымен, сондай-ақ кітапханашылардың әдістемелік материалдарымен танысқан семинар қатысушылары үшінші бөлімде топ-топқа бөлініп, өлең өлкесіне саяхат жасады. Абайдың, М.Шаханов пен М.Мақатаевтың, А.Пушкиннің өлеңдеріне талдау жасап, ақындардың шығармашылығынан сыр шертті.

«Айтайын дегенім...» атты қорытынды бөлімді жүргізген Жезқазған гуманитарлық колледжінің әдіскері Гүлсім Шәуенова қатысушылардың өз ойларын ортаға салуға шақырды. Осы ретте кітапханашы Айгүл Шахманова:

– «Идеялар: бастаудан іске асыруға дейін» тақырыбындағы семинар-коучингке кітапханалар жүйесі мамандарының міндеттерін айшықтап, өзара кәсіби дағдылармен алмасуға, біліктілікті арттыруға және кітапханалар қызметінің жаңа технологиялары, формалары мен әдістерін меңгеруге мүмкіндік беріп, жаңа ізденістерге талпындырды, – деп, қатысушылардың ойын түйіндедесе, өзге семинар қатысушылары берері мол тәжірибе алмасу алаңдарын жиі ұйымдастыру ұсынысын білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

**Қарағанды облысы білім басқармасының қолдауымен өтетін дәстүрлі колледж студенттері арасындағы облыстық пікірсайыс турнирі биыл Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінде ұйымдастырылды.**

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН




«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды мақсат еткен шешендер сайысына барлығы 30 команда қатысты.

V облыстық пікірсайыс турнирін құттықтау сөзімен ашқан Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжінің директоры Марал Тілеужанова мен Қарағанды облысы білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтақ ғылыми-практикалық орталығы басшының орынбасары Саят Балмакаев дебат қатысушыларына сәттілік тілеп, дебат сайысын өткізудегі басты мақсат өркениетті қоғамға қажетті білімді, қабілетті, өз ойын еркін білдіретін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу екенін атап өтті.

Сөз жарыстыру үшін командаларға «Бай елдер кедей мемлекеттерге көмектесуі тиіс», «Басты отбасылық құндылықтар, «Сырттай жоғары білімге қарсылық», «Жол-көлік оқиғаларын азайтудың тиімді механизмі», «Қазақстанның әскери күшін нығайтудың жолдары», «Жасөспірімдер арасындағы қылмыспен күресудің тиімді жолдары» тақырыптары ұсынылды.

Командалардың басым көпшілігі «Басты отбасылық құндылықтар» тақырыбын таңдап, қоғамдағы біраз проблемаларды қозғады. Мысалы, Теміртау кәсіптік-техникалық колледжінің «Ұлан» командасы әрбір отбасы мүшесі өзіне тән рөлді атқарғанда ғана берік отбасының негізі қаланады дегенді алға тартса, олардың қарсыласы Балқаш қаласының «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің «Жұлдыз» тобы отбасы сыйластық негізінде құралатынына назар аудартты. Сонымен қатар, бүгінгі таңда отбасы институты әлсірегенін нақты мысалдармен дәлелдеп, ажырасудың болмашы себеп-салдарын жоюдың, болдырмаудың жолдарын ұсынды. Отағасыз отбасында тәрбиеленген балалардың мінез-құлықтарын талдап, олардың толыққанды азамат болып ер жетуіне мүмкіндік бермейтін кері әсерлерді тізбектеді. «Тәрбие тал бесіктен» деген ұлағатты сөзді ұран еткен «жұлдыздықтар» қарсыластарын сендіріп, бастапқы ойларын өзгертті. Өзге команда қатысушылары да таңдаған тақырыптарын ашуға тыңғылықты дайындалғанын көрсетті.

Дебат турнирінің қорытындысы бойынша қазақ лигасында I орынды Қарағанды гуманитарлық колледжінің «Менің сүйікті командам» тобы, II орынды «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің «Жұлдыз» командасы еншіледі. Балқаш көпсалалы колледжінің студенттері жүлделі III орынды жеңіп алды. Ал, орыс тілді сөз шешендері арасында «Болашақ» колледжінің оқушылары суырылып шықты. II орын Теміртау политехникалық колледжінің командасына бұйырса, Жезқазған гуманитарлық колледжінің командасы жүлделі III орыннан табылды. Тіл өнерінің шеберлігімен, ұтқыр ойымен көзге түскен «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің «Жұлдыз» командасында өнер көрсеткен Абылай Исатаев «Үздік спикер» атанды. Орыс лигасында бұл атақ Станислав Рушқа берілді. Жеңімпаздар ақшалай сыйлық пен кубоктың иегері атанды. Сонымен қатар, үздік командалар республика көлемінде өтетін дебатта Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

Дебат арқылы жастардың тапқырлық, іздемпаздық қасиеттерін қалыптастырып, ой-өрісі мен тіл байлығын дамытуды, сондай-ақ, өз ойын ашық айта білуіне бағыт-бағдар беруді мақсат тұтқан ұйымдастырушылар белсенділер облыстық басқарма жанынан ашылған «Жігер» жастар қозғалысының құрамына алынатынын алға тартады. Жастар қозғалысы жас толқынды облыстың қоғамдық-мәдени өміріне атсалысу арқылы дамытуды және туған жерінің патриоты болуға баулуды көздейді.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ӘЙЕЛДЕР мен БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ –

## *мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі*

Қазіргі таңда Қазақстандағы әйелдер қауымына мемлекет тарапынан біршама қолдау да, жәрдем де көрсетіліп келеді. Соның ішінде әйелдердің жұмыспен қамтылуына, көпбалалы аналардың жәрдемақы алуына, жұмыс орындарында әйелдерге кемсітушіліктің болмауына, ерлер тарапынан әйелдерге күш көрсетуге жол бермеуге барынша жағдай жасалуда.

Ал, әйелдер өздерінің құқықтары қорғалуы үшін, ер адамдармен терезелері тең, отбасылары берік болуы үшін не істеуі керек? Қазіргі заманда әйелдер қауымы қандай болуы шарт? Осы мәселеге тоқталып көрейік. Көпшілікке мәлім, Елбасы саясатының бір тармағы әйелдер мен жас отбасыларға қамқорлық жасау, яғни гендерлік теңдікті дұрыс насихаттауға бағыт жасау. Елімізде гендерлік теңдік мәселесіне қатысты түрлі бағдарламалар жүзеге асуда. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және қорғау саласындағы негіз қалаушы құжаттарына қосылған. 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдау және іске асыру тек әйелдердің ғана емес, сонымен қатар, ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктеріне неғұрлым тең карауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ҚР 2030 жылға дейінгі гендерлік теңдік және отбасы тұжырымдамасы да жүйелі жүзеге асырылуда.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, отбасының беріктігіне, ер мен әйелдің теңдігіне, қоғамда ажырасу, зорлық-зомбылық секілді жағымсыз жайттардың болмауына, жетім-жесірлердің азаюына белгілі бір деңгейде гендерлік қатынастар моделі елеулі әсер етеді.

Гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижелігі жоғары болады екен.

Осылайша, қазіргі заманға сай берік отбасының қалыптасуына жағдай жасау және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі деуге әбден болады.

Бүгінде еліміздегі арулар, аналар саясатта, бизнес пен әлеуметтік салаларда белсенді еңбек етіп келеді. Сондай-ақ, әрбір әйелдің арманы әрі міндеті – дүниеге бала әкелу, ұрпақ тәрбиелеу.

Осындай өмірдегі ең маңызды міндеттер әйелге текке жүктелмесе керек. Өйткені олар әрдайым нәзік те биязы қалыптарын сақтайды, айналасындағыларға жылылық сыйлай алады.

Бұл қасиеттер тек әйел затына тән, олар сонысымен де сұлу, әлсіздігімен мықты. Сондықтан да психологтардың айтуынша, әйел заты ерлерге ұқсамайтындығымен ерекше. Бүгінде Қазақстанның әр өңірлерінде әйелдерге арналған дағдарыс орталықтары, аналар үйі, түрлі психологиялық кеңестер беретін орталықтар жұмыс істеп жатыр.

Осындай орталықтарда жұмыс істейтін мамандар қазіргі нарық заманында әйелдер қауымының сауатты болуына, отбасын сақтап қалуына, өз құқығын қорғай білуге, балаларына жақсы тәрбие беруге үйретеді. Қазіргі кезде отбасылардың ажырасуы, ер адамдардың әйелін, бала-шағасын тастап, басқаға кетуі, әйелдердің жесір, балалардың жетім қалуы немесе отбасында табыстың болмауы, жасөспірімдердің қылмысқа баруы,жас қыздардың ерте жүкті болып, жасанды түсік жасатуы немесе баланы туып, қоқысқа тастап кетуі, басқа да түрлі жағдайлар біздің қоғамда бар. Осындай жағдайларды алдын алу үшін ең алдымен әйел адам өзін-өзі дамытып, өзінің де, отбасының да үйлесімде өмір сүруіне жағдай жасау керек.

Ал, гендерлік теңдік жайлы айтар болсақ, адамзаттың өркендеуі, қоғамның тұрақты дамуы үшін ер мен әйелдің барлық жерде бірге, бір деңгейде болғаны маңызды.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі.**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

# КҮН ТАҢБАСЫ және ПЫРАҚ

**Қазақстан жерінде қола дәуірінде, ертедегі көшпелілер заманында ежелгі тайпалардың мифологиялық сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде жасалған көп пішінді композициялар пайда болған. Орта ғасырлардағы жартасқа сурет салу өнері бұрынғы қалыптасқан дәстүрде дамыды. Олардың жасы дәуірге тән белгілер мен сюжеттер және суреттер бояуы арқылы анықталады.**



Көне заман суретшілерінің ашық аспан астында галереялар жасауы – таңғаларлық жағдай. Тастағы гравюралар – ата-бабаларымыздан қалған ұлы мұрасы – көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер. Жартастардағы суреттерден ертедегі малшылардың, темірқорытушылардың, көшпелі керуеншілердің өмірінен деректер беретін сызбаларды да көруге болады. Түйелі керуендер мен салт аттылар топтарын бейнелеген петроглифтердің сюжеттері қазақтардың Желмая жайлы көне аңызымен үндеседі (Ұлытау, Бұланты, Білеуті, Абыралы және басқалары).

Гравюраларды гранит, порфир, диорит, құмтас, сланец-филлит беттеріне салған. Орындау техникасында үш әдіс: нүктелеу, сызу, бояу қолданылған. Ұлытаудағы Теректі тауларында көне заман өнерінің тамаша ескерткіштері, ең ертедегі жартасқа салынған суреттер мен гравюралар кездесті. Бұл суреттер салыну әдісі мен сюжеттеріне қарағанда қола дәуірінің алдыңғы кезеңіне жататын сияқты. Ертедегі бұқа-тұр, жабайы жылқы және басқа да жануарлар нүктелеп қашау немесе жиектеп сызу әдісімен жасалған.

Бұл уақыттағы өнердің дами бастауы шаруашылықтың жаңа түрлері – металл өңдеудің, мал шаруашылығының, жер өңдеудің пайда болуына байланысты. Адамның темірмен танысуы ең алдымен қоғамдық еңбектің бөлінуімен көрініп, дамуға әкелді. Бұл тасқа салынған суреттер сюжеттерінің тақырыбына әсер етті. Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарын, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі. Теректі тауының петроглифтерінің біршама бөлігі жабайы жылқыларға арналған. Жануардың әр қимылына ерекше мән берілген: олар – бірде үйірімен жылқы көші, немесе айналма қозғалыс бейнесін де аша түседі. Осы жердегі көңіл аударатын тағы бір сурет, ол – жартас етегіне қарай орналасқан аспанға шаншыла ұмтылған қос пырақ бейнесі. Еліміздің елтаңбасына пырақ аттың бейнеленуінің бастауын нақ осы дәуірден алады десек те болады, Міне, «Мәңгілік Елдің» идеясының бастауы.

Ұлытаудың оңтүстік-батыс баурайында гранитті жартастарда көшпелі тұрмысты, түйелі керуенді (кейбірі жетілген), ат, түйе, шабандоздарды, жайылымдағы жылқы үйірін, тағы басқаларды анықтап көрсеткен нүктелі әдіспен қашалған петроглифтер бар.

Көшпелілерге тән ширақтық пен үздіксіз қозғалыс атпен тығыз байланыста. Ат адамның өмірінде ерекше орын алады, ол – жауынгерлік ерліктердің серігі, ол – қауіп-қатерден алып шығып отыратын айнымас дос. Көшпелінің санасында ат күн сипатты асыл зат болуымен қатар, дүниелікте серік, батырлық эпосының бізге жеткізгеніндей атты өзінің иесімен бірге көметін болған:

«Күндіз менің қанатымсың, Өлсек көріміз де бір. Түнде – айырылмас дос, Тірі болсақ – тірлігіміз де бір».

Атты құрметтеуді, атқа табынуды, оның көшпелілер өмірінің табиғатына жан-жақты кірігіп кеткендігін, бізге эпикалық жырлармен қатар, салт атты мен ат жұбы шығатын жартасқа салынған суреттер де жеткізеді. Ертедегі суретшілер аттардың керемет сымбаты мен мінезін бере алған. Сарыарқа кеңістігіндегі петроглифтердегі ат суреттері ширақ қимылға толы.

Қолындағы ұзын найзасының ұшына бөрінің басы бекітілген атты жауынгер бейнеленген петроглифтер көне түркі дәуірінің тарихи құжаты мәніне ие болады. Бұл дәстүрдің тууы ғұн дәуірінен бастау алады. Петроглифтердегі бөрілі байрақ шаршы формалы көздеме түрінде жасалып, бір жағы найзаға бекітіліп, екінші жағында екі не үш құйрық желбіреп тұрады. Бөрілі байрақ ұстаған атты жауынгер-найзагерлер бейнеленген петроглифтер бізге көне түріктердің күші мен ерлік рухын жеткізеді. Көне түркі шеберлері соғыс сахналарын бейнелегенде граниттің табиғи бедерлерін ұтымды пайдаланғандықтан, петроглифтер өте әсерлі көрінеді. Жартас гравюраларының үлкен тобы Байқоңыр, Бұланты өзенінің жартасты жағалауында орналасқан.

Жылқы малының киесін сонау көне замандардан бастау алатын осы жартастағы петроглифтер айқын көрсетіп отыр. Жартастағы жылқы бейнесі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Желтау таулары, Шет ауданындағы Таңбалы тас, Ұлытау ауданы, Байқоңыр өзені бойы, Қарқаралы ауданы, Керегетаста кезігеді.

**Темірғали АРШАБЕКОВ,**
**облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы**
*«Орталық Қазақстан» газеті*

21 АҚПАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АНА ТІЛІ КҮНІ

# ТІЛ САЯСАТЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАУЫ ТИІС




Тіл ұлттың және ұлттық мемлекеттіліктің басты белгілерінің бірі болып табылады. Бір тіл жойылды, демек, бір ұлт жойылды. Сол ұлттың мыңдаған жылдар қалыптастырған мәдениеті, тарихы жоқ болды деген сөз. Сондықтан болар, ана тіліне ерекше мән беріп, әлемдегі сан алуан тіл мен мәдениеттің дамуына қолдау таныту мақсатында ЮНЕСКО ұйымының бас конференциясы 1999 жылғы қараша айындағы шешімімен 21 ақпанды Халықаралық ана тілі күні деп белгіледі. Содан бері 21 ақпанда әлемнің көптеген елдері халықаралық ана тілі күнін атап өтеді. Бұл күн бекерден-бекер таңдалмаған: 1952 жылдың 21 ақпанында шығыс Пәкістанның (1971 жылдан Бангладеш) Дакка қаласында (қазіргі Бангладештің астанасы) болған өздерінің ана тілі бенгал тілін қорғау үшін елдегі ресми мемлекеттік тілдің бірі ретінде тануын талап еткен демонстрацияға қатысушы студенттерге қарсы қолданылған қатаң жазаға байланысты белгіленген. Бангладеште сол қанды оқиғаны еске алу күні ретінде аталып өтіледі /Қазіргі уақытта бенгал тілі дүниежүзінде ең көп таралған 10 тілдің ішінде 7-орында, әлемде 211 млн адам бенгал тілінде сөйлейді.

«Тілдер қабылдау мен ойлаудың және қатынастың құралы болумен қатар, әлемге деген көзқарасымызды жеткізудің жолы, өткен мен бүгіннің және келер күннің арасындағы байланыс» деген болатын 2003 жылдың 21 ақпанында ЮНЕСКО-ның бас директоры К.Мацуура. ЮНЕСКО-ның есебі бойынша, әлемнің шамамен 6000-ға жуық тілінің жартысы жуық арада өз тұтынушыларын жоғалтуы мүмкін. Халықаралық ана тілі күнін белгілеудің бір себебі ретінде осы жойылуға бет алған тілдерді сақтап қалу мәселесі де қарастырылған. . Қазір жоғарыда аталған 6000-ға жуық тірі тілдің 70 пайызының жазба тілі жоқ және жойылып кетудің алдында тұр.

«Әлемдік тілдер» деген атауды негізінен БҰҰ-ның ресми жұмыс тілдеріне қолданылады. Олар қытай, ағылшын, испан, француз және орыс тілдері. Тілдің таралуын, көлемділігін сол тілде сөйлейтін адамдардың санымен есептейді: 10 млннан аса адам сөйлейтін тіл лингвистикалық өлшеммен ірі тіл болып саналады. Жер бетінде ондай тілдердің саны 100-ге жуық.

Қазіргі кезде біржолата жойылып кету алдында тұрған 400-ден аса тіл бар. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам өмірден өткен күні онымен бірге тіл де өшеді, сондықтан ең алдымен қауіп жазу білмейтін халықтарға төніп тұр. АҚШ ұлттық география қоғамының мәліметі бойынша, әрбір 14 күн сайын жер бетінде бір тіл жойылып жатыр.

Мамандардың айтуы бойынша тілдердің өмір сүруі үшін ол тілде кемінде 100 000 (жүз мың) адам сөйлеуі керек екен. XX ғасырдағыдай тілдердің өлуі бұрын-соңды болмаған. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы аз тұтынушы тілдердің жойылуына негізгі себеп ретінде қарастырылады. Сондықтан, мемлекеттер әрқашан тіл саясатын басты назарда ұстайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы жойылып бара жатқан тілдерге жаһанның назарын аудару және әлемдегі бейбітшілікті сақтау үшін осы тілдердің дамуына жағдай жасау мақсатында биылғы 2019 жылды Халықаралық байырғы тілдер жылы деп жариялады.

Қазіргі уақытта қауіпті тілдер қатарында кейбір түркі халықтарының да тілдері бар. Бүгінде, бұл санатқа 40-тан астам тіл кіреді. Ал, олардың тек алтауы ғана (қазақ, түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен) мемлекеттік тіл дәрежесін алған. Бұдан бөлек, көне қыпшақ тіліне жататын құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ сияқты тілдер бар. Бұл тілдерді қолданатындардың саны 70 мыңнан – 6,5 млн. аралығында. Ал, қарайым тілінде небәрі 40 адам сөйлейді. Яғни, аз уақытта жойылады деген сөз. Қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондық қатарында.

Ғылымда өлген яки өлу алдындағы тілдерді мамонт тілдер деп атайды екен. Егер мемлекеттік тілде бірде-бір ғылыми еңбек жазылмаса, бірде-бір мемлекеттік заң қабылданбаса, сөйлеу аясы күйбең тірліктің деңгейінен көтерілмесе сөзсіз жойылуы мүмкін. Біздің тіл «мамонт тілдер» қатарынан табылмас, оған сенеміз, алайда оның тек қана күйбең тірліктің тілі болып қалуын да қаламаймыз...

Биылғы жастар жылы аясында, қала жастары іс-шараларын өткізуде, ұлттық кодтың негізі ана тілімізді насихаттап, қазақ тілінің мәртебесін көтереді деп сенеміз.

**Мейрамкүл ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,**
**Жезқазған қалалық «Қазақ тілі»қоғамының төрайымы**

**Әділбек Салықбаев 1907 жылы Қарағанды облысы Жезқазған ауданы №3 аулында дүниеге келген. Еңбек жолын Жезқазған кеніштерінде бастаған. Украина, Белорусия, Шығыс Еуропа елдерін фашистерден азат етуге қатысқан. Жезқазған қаласын салуға қатысқан алғашқы құрылысшының бірі. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы» атағын Жезқазған қаласы бойынша ең бірінші болып алған азамат. Жезқазған қаласындағы бұрынғы 2-Усадебный көшесі Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 1990 жылы 13 қыркүйегіндегі №616/18 шешіміне сәйкес Әділбек Салықбаев атындағы көше болып өзгертілді. Бүгінде бұл көше жезқазғандықтардың қамқорлығында.**

# АЛҒАШҚЫ ҚҰРЫЛЫСШЫ

## *Әділбек Салықбаев туралы не білеміз?*



Әділбек Салықбаев әкейдің (ол кісіні туысқандары Сейіт деп атайтын) еңбек жолы 1929 жылы Жезқазған кенішінде кенші болудан басталған. Бірнеше жылдан кейін, атап айтқанда 1940-1942 жылдар ішінде ол Жезқазған кірпіш зауытында бригадир болып еңбек етті. Оның қолынан шыққан сапалы кірпіштерден бүгінгі үлкен Жезқазғанның ірі құрылыстары бой көтерді. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскери комиссариатқа барып өзінің өтінішімен соғысқа аттанды. Қанды соғыстың нағыз қызған шағында қып-қызыл оттың ішіне кірді. Жаумен жағаласты. Кеткен кекті алам деп жауға оқ болып атылды. Қан майданда Әділбек әкей үш рет өлім аузынан қалды. Алғашқысында майдан даласындағы қоян-қолтық шайқаста белдескенін алып ұрып, ауылдағы палуандығын жауына да танытты. Қоян-қолтық ұрыста белдескеннің белін үзді. Не бір алып, дәулердің шек-қарынын ақтарып жанын жаһаннамға жіберді. Жау да қарап қала ма? Әділбекке қапысын тауып қанжарын қадайды. Қоян-қолтық шайқастан соң бірін-бірі түгендеген қатарластары майдан алаңынан оның «жансыз денесін» тауып, ауылға «Әділбек Салықбаев ерлікпен қаза тапты» деген хабар жібереді. Елдегілер оны «о дүниелік болды» деп жүргенде,ол дәрігерлердің бірнеше күрделі отасынан кейін қайта тіріліп, қатарға қосылады. Елдегілерге хат жазып, өзінің тірілігін білдіреді.

Майданға қайта оралып, қаруын қолына алғаннан кейін де ол тағы бір рет о дүниеге барып қайтады. Бұл жолы да «Ә.Салықбаев қайтыс болды» деген хабар елге келеді. Бұл екінші келген қара қағаз болатын. Госпитальден емделіп шыққанан соң ол қайтадан алдыңғы шептегі майданға оралады. Жарылған зеңбіріктен жарақат алып ес-түссіз жатқан жерінен оны немістер өздерімен бірге алып кетіп тұтқындар лагеріне өткізеді. Майдан даласынан оралмаған Ә. Салықбаевтың ауылына «ол қаза тапты» деген хабар жібереді. Бұл үшінші қарақағаз болатын. Неміс пленінен қашып шығып майданға қайтадан оралады. Ұлы жеңістен кейін бір жылдан соң 1946 жылы туған жері Жезқазғанға оралды. Елге келісімен «Қазмысқұрылыс» тіресінде құрлысшылардың бригадирі болып еңбекке араласады. Осынау жылдар ішіндегі еңбегі бағаланып, бірнеше рет марапаттар мен құрметті атақтарға ие болды. Ол 1963 жылы 23 тамызда Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы деген абыройлы атақты Жезқазған қаласындағы құрылысшылар арасында ең бірінші болып иемденген азамат.

**Төлеген БҮКІРОВ,**

**Жезқазған қаласының құрметті азаматы**

# ҚАЛА КЕЛБЕТІН КЕСКІНДЕГЕН

**Жезқазған қаласының жарты ғасырлық мерейтойы аясында қала эмблемасын, яғни гербін әзірлеу қолға алынды. Махмет Төлеуұлы Искаковтың ұсынған нұсқасы комиссия құрамының көңілінен шығып, елтаңба 2004 жылы 22 қаңтарда Жезқазған қалалық мәслихатының сессиясында бекітілді. Он бес жылдан бері мысты қаланың бетке ұстарына айналып, қала тарихы мен тыныс-тіршілігінен хабар беретін осы герб жайында кеңірек тарқатсақ.**

Сұлбаның формасы – дөңгелек. Өйткені жер, ай, күн, қазақтың кигіз үйінің шаңырағы сынды қастерлінің бәрі шеңбер іспеттес. Жезқазған мыс қаласы болғандықтан ішкі шеңбердің бел ортасында балқыған мысы бар қазандық бейнеленген. Одан жалындаған от тәрізді көк байрағымыздағыдай күн сәулесі шуақ шашып тұр. Ол жер шарындағы әрбір тұрғынның әр күніміз ашық әрі бейбіт болса деген тілегін паш еткендей. Қаланың атына сай басты байлығымыз мыс болғандықтан, мыс қорыту зауытының қазандығынан балқыған мыс құйылуда. Ол мыстың химиялық формуласы Cu – купрум пішіндес сипатта суреттелген. Сонымен қатар, елтаңбада бірден көзге түсетін қызыл қызғалдақтың бейнесіне келер болсақ, олар еліміздің, оның ішінде Сарыарқаның көркі екені даусыз. Төменгі жағынан орын алған қаламұш пен ашылған ақ кітап Жезқазған көптеген ақын-жазушылардың қанатын қатайтқан құтты мекен әрі мәдени ошақ екенінен сыр шертсе керек. Осы нышандардың артында бейбіт көк аспанмен таласып,



үш жүздің басын қосып, қазақ тарихының куәсі болған қарт Ұлытаудың сұлбасы бейнеленген.

Сыртқы шеңбердің үстіңгі жағын қазағымыздың қошқар мүйізінен құралған ою-өрнек көмкерсе, астыңғы жағында мысты қаламыздың атауы, яғни бас әріптермен «ЖЕЗҚАЗҒАН» деп жазулы.

Автор герб жобасын жасағанда үш: көк, сары, қызыл түсті қолданған. Көк түс – ашық аспанды, бейбіт өмірді бейнелесе, сары түс – күн сәулесін, байлықты, мейірімділік пен дархандықты, ал қызыл түс – Жезқазған қызғалдақтай құлпырған, от-жалындай жайнаған, мыстай қайнаған жігерлі жастардың символы екенін білдіреді.

Жезқазған қаласының 50 жылдығына арналып жасалған герб он жылдан соң Қазақстан Республикасы бойынша ең алғаш рет ғарышта болып қайтқанын айта кеткен жөн. Қазіргі уақытта сол герб Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде сақталуда.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*



### *1962 жыл*

• 6 ақпанда Жезқазған қалалық коммунистік партиясы бюросының №14 қаулысымен Жезқазған қаласының мектептерінде үшінші ауысым алынып тасталды.

• 18 сәуірде Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №116 шешімімен №5 балабақша ашылды.

• 15 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №244 шешімімен «Металлург» мәдениет сарайына қарасты өнерпаздар театрына «Халық театры» атағы берілді.

• 29 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №266 шешімімен «Орман мен бақ достары» атты қоғам «Қоршаған ортаны қорғау» қоғамы болып қайта құрылды.

• 1 қыркүйекте Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №247 шешімімен Жезқазған қаласында денсаулық бөліміне қарасты санитарлық ағарту үйі ашылды.

• 11 қазанда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №306-а шешімімен 11 экспедициядан бастап әуежайға дейін грейдер жолы тартылды.

• Жезқазған жылу электр орталығында 60 мВт-тың №6 турбогенераторы іске қосылды.

• Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы басталды.

• Жылу өткізу мүмкіндігі жоғары №9 жаңа жылу құбыры іске қосылды.

• №15 Малшыбай орта мектебі ашылды. Алғашқы директоры болып Ш. Оспанбеков тағайындалды.

• Балаларға арналған асқазан-ішек ауруларынан сауықтыратын «Малыш» шипажайы ашылды.

### *1963 жыл*

• Сәуірде байыту фабрикасында ұнтақтау корпустары, тамызда №1 байыту секциясы, қыркүйекте №2 секция мен «суға дейінгі», қазанда №3 секция іске қосылды. Жезқазған байыту фабрикасы №2 мыс балқыту зауытына мың тонна жоғары сапалы концентрат бере бастады.

• 1 шілдіде Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №241 шешімімен Жезқазған қаласының 29-орамында №24 сегізжылдық мектеп ашылды. Алғашқы директоры болып Т. Жақыпов тағайындалды.

• 1 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №241 шешімімен Жезқазған қаласының №1 шағынауданында №22 сегізжылдық мектеп ашылды.

• 14 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №257 шешімімен, 1963 жылдың 21 мамырдағы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің №409 Қаулысымен Қараганы мемлекеттік мұрағатының Жезқазғандағы филиалына құжаттар сақтайтын және жұмыс жасайтын бөлмелері бар 32-орамдағы №17 ғимарат берілді.

• 29 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №276 шешімімен ЖЭС-ның шығысқа қарай 300 шақырымда орналасқан ауданы 10 га құрайтын жерді жылыжай шаруашылығына берді.

• 15 желтоқсанда Анненск карьері іске қосылды.

• «Қазмысқұрылыс» тресі маңызды нысан Златоуст-Беловский карьерінің құрылысын аяқтап, пайдалануға берілді.

• Жезқазған кен-байыту комбинатында профессор Мостовичтың әдісімен жасалған кен қорытудың тотықтандыру әдісін пайдаланды.

• Жезқазған жобалау институтының экспедиция бөлімі, мемлекеттік құрылыс бөлімі және техникалық саласы толығымен Алматы инженерлік-зерттеу институтына қарасты болды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

**Әлемді әлдилейтін бір ғана халық бар. Жандары – нәзік, жүректері – жұмсақ, ойлары – дана. Жүздері – мейірім, күлкілері – әшекей, кейіптері – көркем. Құмыра бойлары жақұты асыл тастармен безендірілгендей. Ол – иманынан қасиеттілер, тазалығынан тектілер, адалдығынан тәрбиелілер тарайтын әйел қауымы.**

# ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

Жаратушы Алла шеберлігімен әйел адамзатын еркектің қабырғасынан жаратты. Алайда, бар құдіретін әйелге төккен екен. Яғни жаратылысында әу бастан әйел заты күш-қуаттың көзі болып қаланған. Бір отбасыдағы әйелі мен еркегі уақыт өте келе біртұтас адамға айналса да, бәрібір екеуі екі қилы әлем. Өйткені, еркек – оттың, әйел – ошақтың иесі. Біреуі – түздің, біреуі – үйдің адамы. Дегенмен, бүгінгі таңмен таразылап, әсіресе біздің қазіргі қазақ әйелдерін елден ерекше құрметке лайықты жандар дер едім. Себебі, қоғамды сүттей ұйытып отырған осы өзіміздің әйелдеріміз. Өйткені, білімнің сан қилы түрлерін игеріп алып, іскер де шеберлер, біліктілер атануда. Мемлекетіміздің жарты қызметін атқаруды да үлгеріп, отандық кәсіпті де ширатуда. Халыққа қажетті жұмыс орындарын да ашып, кәсіпкерлікті де дамытуда. Қызмет таңдамай-ақ, талғамай-ақ өнеркәсіп, алпауыт зауыттар мен кәсіпорындарда жұмысшылар қатарын құруда.Үйінің тірлігін де пысықтайды, атасы мен енесіне де қызметін аямайды, бала-шағаны өмірге әкеледі де, оларды әрі тәрбиелейді де. Күйеуі дүниеден озса, орнын жоқтатпайды, отағасы орнына жатпай-тұрмай отының түтінін түтетеді. Қыс демейді, жаз демейді, күндіз базарда, түнде түнгі жұмыста. Тағдыры мен тұрмысына көндіккеннен, шаңырағын шайқалтпай, мейлі әлжуаз, тіпті сырттап кеткен, ішімдікке үйір жарларына да шыдап бағуда. Ұрпағының әкесі ретінде сыйлап төрін, жары ретінде жылы шырайын беріп, ішер асына дейін тауып беріп жатса, кейбірі толықтай асырап та отыр. Осындай құмырсқа тірлігін күйттеген өзіміздің көнбіс әйелдерімізді неге құрметтемеске, сыйламасқа, аяламасқа?!

Негізінде, әйелді мәртебелеген Жаратушы Алла және Оның маржан діні ислам. Осы жолдағы бабаларымыз бірде-бір қыз баласын, жесірін жылатпаған, өзгеге басындырмаған. Тіпті, ислам діні келмей тұрған жаһилет надандық дәуірде де қыз балаға деген құрмет ерекше көрсетілген. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың «Жұмақ – аналар табанының астында» деген ұлы қағидасы адамзаттың маңдайын әлі күнге дейін жер іскетіп келеді. Ал, әйелдің құрметтелуін, құқылы болуын, қоғаммен қорғалуын мейірімді Алланың қалауы қамтыған. Дүниесі мен қияметіне көп жеңілдіктерді нәсіп еткен. Мәселен, әйелдердің сырлы (хайыз) күндері көңіл-күйлері болмай, денсаулығына мазасызданғанда, намаз оқудан, құран оқудан, ораза тұтудан босатылады. Енді саралаңыз, әлемнің қай мемлекеті мен заңы қызметтегі әйелдерге осындай жеңілдіктерді қарастырған? Жаратушы Алла Тағала әйел жанын еңбекте қажырлы, қиындықта төзімді, тауқыметте мықты етіп жаратқан. Бір сөзбен әйел қырық жанды дегендей. Ал, қырық айласы осы дүниеде еш таптырмайтын қару. Құрығанда, жеңілгенсіп жеңеді. Еркектің бағын жағатын да, сағын жығатын да әйел!

Сонау дәуірлердегі Жәңгір ханның жары Бәтима өз дәуірінің хас сұлуы, бес тілді игерген ақылды да көрікті, әуенді аспапта ойнаған, шыр көбелекше бимен шұғылданған өнерлі әйел болған деседі. Мінезінде маңғаздық болса да, жапан түзге келін болып түсіп, қазақтың дәстүріне именген. Ал, Кенесары ханның Күнімжаны күн келбетін тектілігіне жарастырған ел анасы атанған. Әбілқайыр ханның Бопай ханымы ел басқару ісінде сенімді ақылшы, ерінің де, елінің де сый-құрметіне бөленген әйел болғаны анық. Азияда тұңғыш мемлекет құрған қолбасшы, «Әлем менікі» деп дүниеге жар салған әйгілі Шыңғысхан, француздың Наполеоны да, Римдік әскер қолбасшысы Цезарь сынды хас жауынгерлер әйелдерінің қас-қабағымен жауларын еңсеруді, ақылдарына жүгініп, тұтқиылдан соққы беруді игерген. Ғұламалар мұндайды «табысқа жеткен ердің артында дана әйел тұрады» деп түйіндейді. Тіпті, әйелдер керек болса, атқа қонып, жауға да қарсы тұра алады. Аламан бәйгеде озып, атын да оздыра алады. Әрине, жұмсақ мінезін, нәзіктігін қайшылайтын қасапшы, зират қазу, жер асты кеніштері, адам тағдырына үкім кесетін қызметтерден алыс болғаны жөн. Өйткені, ондай әйелдің ырысы ер ісінен кеми түседі. Себебі, табиғатына сай киім киіп, затына лайықты істермен шұғылданса, нәзіктігі мен мейірімділігін жоғалтпайды.

Омар (р.а) патшалық құрған кезеңде бір әйел келіп, күйеуінен ажыратуын өтінді. Ойлануға уақыт сұраған Омар (р.а) әйелдің ерін іздетіп, таптыртады. Алдына алып келген сахабаның үсті мен кейпі реңсіз, тозыңқы көрінеді. Жуындырып, әдемі киімдерді кигізеді, хош иістендіріп, құзырына отырғыздырады да, әйелді алдыртады. Сонда әлгі әйел өз күйеуін өзі танымай қалып, ақырында ажырасу райынан қайтады. Шариғат шартымен ажырасуды «Талақ» дейді. Ал, осы үкімді Алла Тағала ерлерге не үшін берді, осыны біле ме ерлер? Әлбетте, әйелінің әркез сұрағанын тауып беру, талабын орындау ер-азамат үшін әдетке айналғаны жөн-ақ. Алайда, талақ сұраған кезде, әдетке айналған тірлігі құсатып, әйеліне талақ бере салуы керек пе? Әрине, жоқ! Талақ үкімінің ер-азаматта болудың хикметі сөзіне ісі лайықты еркек жұбайын талаққа дейін жеткізбеуде. Ұлылардың жарына ажал жеткенде, жаназасында «риза бол» деп әйелімен қош айтысу әдебі бар. Міне, сол ризаласуды әйелі дүниеден өткенде емес, көзі тірісінде жасай білгені ер-азамат үшін абзал ұлы міндет.

Қазақтың өжет ұлы, жауын қабағымен басқарған, дуалы ауызды Шаң тимес (Бауыржан Момышұлы) ағамыздың: «Әйелді қорлаған еркекті өмір өкінішсіз жібермейді. Өйткені, әйел-өмірдің анасы, ал асыл перзент анасын ешкімге де қорлатпайды. Өйткені, әйел – киелі халық. Оның киесі өзін қорлаған еркекті бір атпай кетпейді» дегені бар.

Өкініштісі сол, гүлдей жаратқан әйелді құлдай көретін қазақтың ерлері бар бүгінде. Қалам ұстағаны да, күрек ұстағаны да әйелдеріне екі түрлі емес, бір түрмен қарайды. Яғни көзінде де, сөзінде де «Сен әйелсің, міндеттісің. Мен еркекпін!» деген қате ұғым тұрады. Сондағысы әйелді өзіне теңегендей. Сәл артық қимылдап қалса, қырғи қабақ шыту, ұрыс-керіс, дау-жанжал, қол көтеріп, өмірін бұзу, денсаулығын кемтар етумен аяқтап жатады. Бұл нағыз қиянат. Білсеңіздер, жыл сайын бес жүзден аса әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтан көз жұмады екен. Егер де, ер-азамат ар-ұжданы мен шынайы иманына мықты болса, аманатындағы әйелін ақылмен қызғыштай қорып, жүздеріне сенімділік ұялатуы тиіс. Ал, ішкен-жегенін, тапқан-таянғанын санамалап, асырап-баққанын міндет қылып, сатып берген киім-кешегін тізбектесе, Алла алдындағы барша сауабынан, адам алдындағы еркектік намысынан жұрдай болады. Мұндай істерді кітаптарда құсқан құсығын жегенге теңейді. Ал, надандық пен зұлымдықтың бастауы болған қол көтеру яғни қандай жағдай басына туса да, ұрып-соғуды өз әйеліне қолдануы-ол оның әлсіздігі, намыссыздығы, рухани құлазығандығы. Үмбеті болып саналған біздердің үлгі тұтар Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ешқашан әйелдеріне қол көтермеген! Сахабалар да, ғұламалар да қай жағдайда болса да, әйелдің көзінен моншақ жас шығартпаған. Ал, бүгінгі әйелдердің көз жасын көріп, түңілістегі көңілдерін сезгенде, қор болған өмірлі оқиғаларын естігенде, қазақтың ер азаматтарынан имани қасиет кетті ме деген ойда қаласың.

Әлем тынысын кілт тоқтататын бір ғана ұлы ақиқат бар. Ол күш кімді болмасын, төрт аяқты ағаш атпен қуып жетеді. Білгенге бұл ғибрат!

Алланың әмірімен өмірінің қартайып жеткен соңғы сәті,

Ұрпағын дүниеге әкелердегі қысқан толғағы,

Күйеуінен езгі көріп, жаны қиянаттықпен зорлық-зомбылықпен өткізген өмірі. Міне, осылар әйелдің ажалы делінеді.

Ал ер адамның:

Өлшеп берілген өмірінің талқаны таусылған соңғы сағаты,

Ер-азамат атына лайық іс істемеуі,

Адамдарға қарыз болып, қашып жүруі. Бұл істер өлімге тең.

Расында, қазіргі қоғамның қалыптасуына еліміздің есті ер азаматтары нендей үлес қосуда? Әйелдердің теріс жолға түсуіне, рухани бұзылуына, көше дәретханаларында шала жансар ұрпағымыздың шашырауына себепкер осы өзіміз емеспіз бе? Күнәнің басым бөлігін, ауыр жағын әйелдерге итере салғаннан өзіміз жеңілдедік пе? Ойланайықшы азаматтар, осы біздер аманатқа қиянат жасап жүрген жоқпыз ба? Әйелді қорламаған Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың нұрлы жүзіне қияметте қалай қарамақпыз?!

**Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ,**
**дінтанушы, имам**

## НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*(Жезқазған уақыты бойынша)*

| | Апта күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Жұма** | **06:47** | **08:08** | **13:45** | **17:27** | **19:16** | **20:38** |
| 2 | Сенбі | 06:45 | 08:06 | 13:44 | 17:28 | 19:17 | 20:39 |
| 3 | Жексенбі | 06:43 | 08:04 | 13:44 | 17:29 | 19:19 | 20:41 |
| 4 | Дүйсенбі | 06:41 | 08:02 | 13:44 | 17:31 | 19:20 | 20:42 |
| 5 | Сейсенбі | 06:39 | 08:00 | 13:44 | 17:32 | 19:22 | 20:44 |
| 6 | Сәрсенбі | 06:37 | 07:58 | 13:44 | 17:33 | 19:23 | 20:45 |
| 7 | Бейсенбі | 06:35 | 07:57 | 13:43 | 17:35 | 19:25 | 20:47 |
| **8** | **Жұма** | **06:33** | **07:55** | **13:43** | **17:36** | **19:26** | **20:48** |
| 9 | Сенбі | 06:31 | 07:53 | 13:43 | 17:37 | 19:28 | 20:50 |
| 10 | Жексенбі | 06:29 | 07:51 | 13:43 | 17:38 | 19:29 | 20:51 |
| 11 | Дүйсенбі | 06:27 | 07:49 | 13:42 | 17:40 | 19:31 | 20:53 |
| 12 | Сейсенбі | 06:25 | 07:47 | 13:42 | 17:41 | 19:32 | 20:54 |
| 13 | Сәрсенбі | 06:23 | 07:45 | 13:42 | 17:42 | 19:34 | 20:56 |
| 14 | Бейсенбі | 06:21 | 07:43 | 13:42 | 17:43 | 19:35 | 20:57 |
| **15** | **Жұма** | **06:19** | **07:41** | **13:41** | **17:44** | **19:37** | **20:59** |
| 16 | Сенбі | 06:17 | 07:39 | 13:41 | 17:46 | 19:38 | 21:00 |
| 17 | Жексенбі | 06:14 | 07:37 | 13:41 | 17:47 | 19:40 | 21:02 |
| 18 | Дүйсенбі | 06:12 | 07:34 | 13:40 | 17:48 | 19:41 | 21:04 |
| 19 | Сейсенбі | 06:10 | 07:32 | 13:40 | 17:49 | 19:43 | 21:05 |
| 20 | Сәрсенбі | 06:08 | 07:30 | 13:40 | 17:50 | 19:44 | 21:07 |
| 21 | Бейсенбі | 06:06 | 07:28 | 13:40 | 17:51 | 19:46 | 21:08 |
| **22** | **Жұма** | **06:04** | **07:26** | **13:39** | **17:53** | **19:47** | **21:10** |
| 23 | Сенбі | 06:01 | 07:24 | 13:39 | 17:54 | 19:48 | 21:11 |
| 24 | Жексенбі | 05:59 | 07:22 | 13:39 | 17:55 | 19:50 | 21:13 |
| 25 | Дүйсенбі | 05:57 | 07:20 | 13:38 | 17:56 | 19:51 | 21:15 |
| 26 | Сейсенбі | 05:55 | 07:18 | 13:38 | 17:57 | 19:53 | 21:16 |
| 27 | Сәрсенбі | 05:52 | 07:16 | 13:38 | 17:58 | 19:54 | 21:18 |
| 28 | Бейсенбі | 05:50 | 07:14 | 13:37 | 17:59 | 19:56 | 21:20 |
| **29** | **Жұма** | **05:48** | **07:12** | **13:37** | **18:00** | **19:57** | **21:21** |
| 30 | Сенбі | 05:46 | 07:10 | 13:37 | 18:01 | 19:58 | 21:23 |
| 31 | Жексенбі | 05:43 | 07:08 | 13:37 | 18:02 | 20:00 | 21:25 |

**Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.**

*Тәууәккәль – уакала.*
*Өз ісін біреуге тапсыру! Өкіл ету!*

# ТӘУЕКЕЛ



Жаратылысынан адамзат баласы Аллаға ғана мәлім жұмбақ ғаламды өзіне бағындырғысы келеді. Тіпті өзін осы әлемнің патшасындай сезініп, өз-өзіне сенімді күйде кейде тәкаппарланады, кейде өзімшілденеді. Алайда, бір кілтипан бар, алдынан не шығатынын, не күтіп тұрғанын біле алмайды. Себебі, адамзатқа болжау құдіреті берілмеген. Десе де, «Тәуекел деген жел қайық, өтесің де кетесің» деген асыл сөзді атам қазақ айтқан.

Тәуекел дегеніміз – Алла Тағаланың пендесі себептермен әрекет етіп, ісінің хайырлылығын Аллаға тапсыруы. Яғни себебін біліп, тәуекелмен істің ақырын көру деген сөз. Дінімізде арман мен үміттің ара жігін ғалымдарымыз былайша ажыратады. Яғни үміт – әрекет етіп, нәтижесін Алладан күту. Мәселен, пенде диқаншылықпен егін салып әрекет етеді, себебін көреді, арғы жағын яғни жемісін Алладан үміттеніп, тәуекелге бел буады. Ал, арман дегенді ешқандай әрекетсіз құр қиялға берілу дейді. Халқымыз мұны «Алма піс, аузыма түс!» деп нақылдайды. Ал, егер тек қана істеген ісіне, себепке ғана сүйенсе, Жаратқанның жалғыздық сеніміне нұқсан келтіреді.

Нұһ (ғ.с) заманы. Кеме жасайды да, әр жұптан алады. Жаңбыр басталды, жерден су атылып шығады. Ел – жұрт болса, әрілі-бері қаша бастайды. Тым – тырақай қашқан елдің ішінде Нұһ (ғ.с) өзінің кәпір ұлын көріп қалады да, әкелік мейірімі оянып:

– Бізбен бірге кемеге мін. Кәпірлермен бірге болма! – дейді. Сонда Нұһ (ғ.с) пайғамбардың ұлының жүрегі Қалібі тауына байланады. Ондағы ойы тауға шықсам, биікке шықсам, аман қалам дегені еді. Аяттың жалғасында:

– Мен өзімді судан сақтайтын тауға шығамын дейді. Нұһ (ғ.с) жүрегі Аллада, баланың жүрегі тауда. Толқын болады да, бала суға батады! Осыдан ілгеріректе Нұһ (ғ.с.) қауымына насихат жүргізгенде, топан су туралы хабарды жеткізген болатын. Алайда, оған ешкім сенбейді. Олардан он алты адам бөлініп шығады.

– Біз өзімізге бір тауды пана етіп, онда үңгірге кіреміз. Керек - жарақ, азық - түлікке толтырамыз да, ауызын бекітеміз. Топан су біткен соң, ол жерден шығамыз – дейді. Топан су басталады, олар үңгірге кіреді. Сол он алты адам ішіндегі біреуінен кіші дәреті тоқтамайтын ауру шығады. Нәтижесінде, сол қырық күн ішінде, үңгір нәжіске толады. Суда өлмейміз деп, Алланы емес, үңгірді пана тұтқандар судан емес, нәжіске батып өледі.

Аюб (ғ.с) пайғамбар ауырып, бар байлығының жиған-тергенінен айрылады. Балалары түгел өледі. Жалғыз басы қалғанда да, басын сәждеден алмай жатады. Шайтан келіп:

– Сен қандай мәртебелі едің, енді не болдың? – дейді. Сонда Аюб (ғ.с) пайғамбарымыз:

– Алланың бергеніне сүйінемін, алғанына күйінбеймін. Алланың өзіне тәуекел еттім. Оған сүйендім – дейді.

Мекке мұсылмандардың қолына өткен кезде, Әбу Жәһілдің ұлы Икрима Меккеден қашады. Кемеге мінеді, теңіз буырқанып, қатты толқынға ұшырайды. Кемедегілер Жаратушыға сыйынып, көмек сұрайды. Сонда олардың Тәңірлерінің көптігінен, «Құрлық Тәңіріне ме, әлде су Тәңіріне ме, қайсысына сыйынамыз?» – деп дал болады. Тіпті, кемеде ана Тәңір, мына Тәңір деген жанжал туындайды. Сол тұста құрлықтың Құдайы судағыларға жәрдем бере алмайды деген уәж айтылады. Мұны естіген Икрима «Осындайда пайда бермесе, несіне біз оларға ғибадат етеміз» дейді. «Алланың атымен ант етемін, осы жерден аман-есен шықсақ, мен Мұхаммед (с.ғ.с) алдына барып, кешірім сұраймын. Мұсылман боламын, исламды қабылдаймын» дейді. Бұл дегені орындалады.

Иса (ғ.с) пайғамбар адамдарымен отырғанда:

– Бүгінгі жеген тағамыңызды ертеңге қалдырма. Ертеңгі күніміз өз ризығымен келеді. Егер оған күмән болса, аспандағы құстарға қараңдар! Оған да тоқтамасаңдар, дарияда жүзген балықтарға қараңдар! Одан да ғибрат ала алмасаңдар, онда жәндіктерге қараңдар. Оларда Аллаға шынайы тәуекел етушілерге ғибрат бар! – дейтін.

Аллаға ғана сеніп, әрекетпен ғибадат етіп, үмітпен қарауымыз керек. Хасбуналлаһ деп иланған жөн. Он жеті жасар Ибраһим (ғ.с) елін ақиқатқа, дінге шақырады. Бұған елі қарсы тұрады. Сол сәтте өзі жалғыз ғана еді. Қауымы оны отқа салуға шешім қабылдайды. Аяқ қолын байлайды. Үлкен алау жағылады. Ішіне лақтырылады. Ол Хасбуналлаһ дейді. Бұл «Бізге Алланың Өзі кифая, жетерлік» деген сөз! Отқа беттеген кезде қасына Жәбірейіл (ғ.с.) келіп: «Менен не мұқтажың бар? деп сұрайды. Сонда «Сізге ме? Сізге еш мұқтажым, қажетім жоқ! Аллада мұқтаждығым, тілегім бар! Бірақ, маған не керегін Алланың Өзі біледі!» дейді. Үміті мен тәуекелі зор болғандығы үшін, оттың ішіне түссе де, от оны күйдірмеді.

Залымдығымен танылған Хажжаж ибн Юсуф Патша Хажжаж құзырына Хасанды әкелуге бұйырды. Мақсаты оны жазалау еді. Ал, Хасан Басрий Алладан ғана қорқып, тәуекел ететін. Патша құзырына кірген бетте, Алла оған патшаға Хасанды неге шақыртқанын ұмыттырып қойғыздырады. Тіптен оны өте жақсы дәрежеде күтіп алады. Жайған дастарханға отырғызады. Жағдайын сұрайды. Ал, оның басын шабуға келген жендет болса, орнында қатып тұра береді... Сіз Алладан қорықсаңыз әрі ол шынайылықпен болса, онда сізден бәрі қорқатын болады. Алла солай еткіздіреді!

Перғауын нашар түс көреді. Жорымында бір ұл бала дүниеге келіп, патшалығының түбіне жететіндігі айтылады. Сол түстің өңге айналмауы үшін сол аралықта туылатын барлық ұл балаларды өлтіртеді. Десе де, Мұса (ғ.с.) анасы Аллаға тәуекел еткендігі үшін, суға ағызса да, сәби бала тірі қалып, сол Перғауынның үйіне түсіп, сол үйде өсіп жетіледі. Есейгенде, бір жағдай болғандығынан, Аллаға тәуекел етіп, Мысырды тастап, Мәдианға келеді. Азық, қаражат жоқ. Барар жері, басар тауы болмайды, ешкімді танымайды. Бір құдық алдында ұсақ малдарын суғаруға екі қызға жәрдем береді. Олар Шуғайб (ғ.с) пайғамбардың перзенттері болатын. Араб нәсілді Шуғайбпен (ғ.с) танысып, оның көңілінен шығып, қыздарының біреуімен некеледеді. Мәхіріне он жыл еңбек етеді. Міне, тәуекелдің түбі Мұса пайғамбарға үй-жай, азық тағам, жақсы жар, әрекетті жұмыс, Пайғамбар қайын атаға дейін жеткізді.

Имам Бұхари хадис жинағының қарыз бабында мына төмендегі оқиғаны келтіреді. Мәшһүр сахаба Зүбайр ибн аль Ауәм ауырып, қайтар шағында баласын шақырып, өсиет етеді. Баласына мойнындағы он мың дирһам қарызы барын айтады. Шамасы жетсе, төлеуін сұрайды. Алайда, бұл өте көп ақша. Бұл көлемдегі қаражатты табу ұлына ауыр болды.

– Егер осы ақшаны төлеуге қиналсаң, онда Мәуләмімнен сұра дейді.

– Әке, Мәулеңіз кім еді? – деп сұрайды.

– Мәуләм яғни Ием – ол Алла дейді. Сөйтіп дүниеден өтеді, ел жиналады. Елмен бірге әкесінің бауыры келіп, көңіл айтады. Бауырының қарыздарын сұрайды. Алайда баласы қарыз көлемін азайтып айтады. Ал, бауыры болса, соның өзін өте көп екен дейді. Сонда Зүбайрдің ұлы:

– Аға, одан да көп болса, не болар еді? – дегенде:

– Егер сен айтқандай болса, онда сендерді қатты қиын жағдайға қалдырған екен – дейді де, шамасына қарай жәрдем беретінін айтады. Әкеден қалған қарыз жабылу үшін, ұлы жеміс бағын және қалған дүниелерін сатады.

– Қайсыбір жерде қиналсам да, Әй Зүбайр әкемнің Мәулесі, жәрдем ет! – деп дұға еткен. Расында, қарыз бен уайымы сүйенген, тәуекел еткен Иесі, қаққан есік дұрыс болған соң, өз-өздігінен шешіліп кетті.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Меккеден Әбу Бәкір (ғ.с) екеуі мүшріктерден қашып шығып, ұзақ жүрістен кейін, үңгірге жасырынады. Сонда себептердің бәрін атқарады. Шығып кетер хабары жасырылынады. Мұнысы Әбу Бәкірдің (ғ.с) үйіне күннің ыстығында, жаулар өз үйлерінде отырған кезде, бетін көлегейлеп барады. Әңгіме тарамас үшін, келісімен Әбу Бәкірдің (ғ.с) қыздарын сыртқа шығарады. Ертесіне жолға шыққанда, ел жүретін соқпақпен емес, басқа бағытқа жүреді. Құм үстінде іздерін жабатын адамдар даярлайды. Әбу Бәкірдің (ғ.с) қызметшісі іздерін жасыру үшін, жүрген жолдарынан қой айдап отырады. Үңгірде үш күн отырады. Осының бәрі тәуекелге себеп. Десе де, артынан қуып жеткен мүшріктерге көңілі құлазымайды. Себебі сенгені, үміттенгені, тәуекел еткені Алла ғана!

Жүректер екі түрлі болады. Бірі Аллаға шынайы сеніп, барша ісін Аллаға табыстаған жүрек. Екіншісі өзіне ғана сенген жүрек. Бұл екеуі тең болсын ба? Өмірінің әр сәтін Аллаға табыстап, үйден шыққанда «Тәуаккәль ғалаллаһ» яғни «Алла, Саған тәуекел еттім!» деп, Жаратқанға сүйенеді. Сопы Аллаяр айтады: Аллаға тәуекел еткен не талқанды, не қалқанды білмейді, Алланың панасы мен қорғауында болады. Ибрахим (ғ.с) Исмаилды құрбандыққа даяр болды, сеніміне Исхақты (ғ.с) Алла берді. Хажар анамыз Бәккәға тасталынғанда, үмітіне Зәм-зәм берілді.

**Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ,**
**дінтанушы, имам**

# КӨЛІК ЖҮРГІЗУДІҢ СҮННЕТКЕ САЙ 8 ТӘРТІБІ

**«Сақтансаң, құдай сақтайды» деген аталы сөзді біле тұра сақтанудың алғышарттарын атқармаймыз. Көлік бір тәуекел құралы іспеттес. Техника болған соң, қанша жерден сенуге болады десең де, күтпеген жерде ойламаған ақауы шығады. Не болмаса, көлік жүргізуді қанша жақсы меңгердім десең де, байқамаған тұстан көлік апатына тап болуың мүмкін. Сондықтан да, көлікті тәуекел құралы дейміз. Ал, тәуекел Аллаға ғана етілетіндіктен, көлік жүргізудің де Пайғамбарымыз ﷺ бекітіп берген жол ережелері бар. Әр мұсылман жол полицияларының бекіткен жол ережелерімен бірге, адамзаттың ардақтысы болған Алла Елшісінің ﷺ де ұсынған жол ережелерін сақтауы тиіс. Ендеше сүннетке сай көлік жүргізу тәртібіне көшейік.**

**Көлікке отырарда дәрет алып алған жөн.**

Дәреттінің бойынан шайтан ұзақ тұрады. Себебі, көлік жүргізу тәуекелді қажет ететінін айтып өткеніміздей, адам жолында нелер болатынын болжап біле алмайды. Сондықтан да, дәрет алып жүру керек деуіміздің себебі, қаза жететін болса дүниеден дәретпен озған болады. Пайғамбарымыздың бір хадисінде:

*«Шын тақуалар ғана дәретпен жүруге тырысады», – делінген.*

**Көлікке мінерде бұл нығметтің берушісін, яғни Алла Тағаланы еске алу керек.**

**«Алла Тағала барша мақлұқаттың түрлерін жаратты. Үстіне шығып жүруіміз үшін кеме, мінуіміз үшін хайуандарды жаратты»** («Зұхруф сүресі», 12-аят).

Сол себепті де Алла Тағала Құран Кәрімде:

**«Олардың (көліктің) үстіне мінген кездеріңде Раббыларыңның жақсылығын еске алыңдар», – дейді** («Зұхруф» сүресі, 13-аят).

Алланың бұл жақсылығын еске алғаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ «бисмилләһи Аллаһу әкбар» деп қасиетті кітабымыз Құрандағы мына дұғаны айтуға кеңес береді:

**«Бізге осыларды бойұсындырып берген – барлық нұқсан-кемшіліктен пәк Алла! Әйтпесе, бұған біз жолай алмас едік».**

*Оқылуы: Субхәнәл ләзии сәххарә ләнәһәзә уәмә куннә ләһу мұкриниин.*

Бұдан басқа тағы да дұғалар айтуға болады. Мәселен, Ибн Омардан жеткен хадисте былай делінген:

Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шығарда түйесіне мініп, жайғасып алған соң, үш рет «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтып: «Бұны бізге бағындырған Алла ұлы әрі кемшілік атаулыдан Пәк! Егер оны бізге бағынышты етіп жаратпағанда, оған қауқарымыз жетпес еді. Түбінде бәріміз де Раббымызға қайтамыз. Уа Алла Тағалам! Бізге осы сапарда игілік, тақуалық және Өзің разы болатын игі амалдар жасауды нәсіп ет! Уа, Алла Тағалам! Сапардағы серігіміз де, артта қалған отбасыларымыздың өкілі де бір Өзіңсің! Уа Алла Тағалам! Сапардың машақатынан, сары уайымға салатын қандай да бір жағдайдан және сапардан оралғанда дүние-мүлкіміз бен отбасымызды бәле-жалаға ұшыраған күйде көруден бір Өзің сақтай гөр!», – деп дұға жасайтын. Сапардан қайтқанда осы дұғаларына «Біз сапардан қайтып келеміз, Раббымыздың алдында тәубеге келіп, құлшылық етіп, мадақ айтып келеміз» деген мадақ сөздерін қоса айтатын».

**Көлікке отырғаннан кейін қауіпсіздік үшін «Аятул-Күрсиді» оқып, Алланы зікір еткеніңіз артық етпейді.**

Шайтан көбіне адамды көлікте отырғанда түртеді. Жолын қиып өткеннің, жетіп алып оның да алдын орап састыруды кеңес етіп, дұрыс жүрмей, жолдың үстінде сен үшін ыңғайсыз жағдай туғызып кеткенді сыбап салуға, асығып бара жатқанда жол бермегенді боқтап тастауға, сақталуы тиіс ережені бұза салуға азғырып тұратын осы шайтан. Сондықтан да, мұсылман өмір жолында да, көлік жолында да оның құрығына түспеудің алдын алуы тиіс. Мұсылман жол ережелерін барынша сақтауға міндетті. Оның үстіне Пайғамбарымыз ﷺ: *«Шынайы мұсылман тілімен де, қолымен де біреуге зияны тимейтін мұсылман»,* – дейді.

**Көліктің жылдамдығын шектен асыра қатты айдамау.**

Пайғамбарымыз ﷺ астымыздағы көлікті, яғни мінген аты мен түйесіне жақсы қарауды әмір еткен. Яғни, қажетсіз болдыртып, шапқыламауды, уақытында оттатуды, көтере алмайтын жүкті артпауды өсиет еткен. Бүгінде ат пен түйені темір тұлпар алмастырғандықтан бұл әмірлер бұған да жүреді. Былайша айтқанда, Пайғамбарымыз ﷺ көліктің шектен тыс жылдамдығын арттырмауды, дер кезінде майын, құрал-сайманын ауыстырып тұруды, кір болса жууды, рұқсат етілген салмақтан артық салмақ салмауды, ережеде белгіленген жолаушыдан артық жолаушы алмауды әмір еткен деп біліңіз.

**Көлік сүрінгенде «бисмилләә» деу.**

Бірде бір сахаба есегімен келе жатып, үстінен ауып құлап қалады да «Көзі құрығыр шайтан!» деп шайтанды қарғап салады. Мұны естіп қалған Алла Елшісі ﷺ бұрылып: «Шайтанды сөкпе! Егер шайтанды сөгетін болсаң, шайтан үйдей дәуге айналып, «Мен адамды жеңдім!» деп масаттанады. Оның орнына «бисмилләә» деп айт. Бұл сөзден шайтан шыбындай болғанша кішірейе береді», – дейді. Сондықтан да көлігіңіз сүрінгенде, жолда жүріп бара жатып қандай да бір ақаулығы туындаса, «бисмилләә» деуді ұмытпаңыз.

**Көлікте асықпау.**

Көптеген жол-көлік апаттары жүргізушінің асығуынан болып жатады. Пайғамбарымыз ﷺ: «Асығыстық – шайтаннан, сабыр – Алладан», – дейді. Қазақ «асыққан – шайтанның ісі» дейді. Қанша асықсаңыз да Алланың белгілеген уақытында жетесіз. Сондықтан да, барар жеріңізге асықпай бару үшін ерте шығыңыз.

**Біреу жол сұраса, беру.**

Не қандай да бір өтініш қылса, шама келгенше жәрдемдесу. «Өзіңе тілегенді өзгеге тілемейінше кәміл иманға қол жеткізбейсіңдер», – дейді Ардақты Елшіміз ﷺ.

Кей кезде біреу жаңылысып, басқа қатарға тұрып қалып жатады. Сол кезде сізден жол сұрайды. Мұндайда оған жақсылық қылу тек иманыңызды арттырады. Кемелдікке бір қадам басқан боласыз.

Міне, осы ережелерді ұстану мұсылман үшін міндет. Басымызға келетін бәленің көбі өзіміздің жол ережелерін сақтамауымыздан. Оны Алла Тағала да Қасиетті Құранда айтады.

**«Бастарыңа келген бәле-жала өз қолдарыңмен істегендеріңнің кесірінен»,** – дейді («Шура» сүресі, 30-аят).

Немесе:

**«Басыңа келген жамандық – өзіңнен»,** – дейді Алла Тағала («Ниса сүресі», 79-аят).

*Дереккөз:* **muftyat.kz**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## Құрметті Бағдат Қуайжанұлы ТУСУПБЕКОВ!



***Сізді 40 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз!***

***Сіздің қуанышыңызға ортақтаса отырып, өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.***

*Ізгі ниетпен:* **«Жомарт» кеніші вент ствол ұжымы: Абжәлел, Алексей, Ерлан, Дана, Жанна, Ұлболсын, Гүлнар, Марат, Нұрбек, Айдос, Жандос, Батыр, Ерболат, Бекзат.**

МЕКТЕП ХАБАРЫ

# АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ

**№1 жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Дүйсенқызының ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар арасында жүрегі жырмен егіз жаратылып, бүгінде «поэзия» деген ұғыммен есімі бірге өмір сүріп келе жатқан мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың рухына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби-сазды, поэзиялық кеш өтті.**



Артына қазақтың дәл өзіндей қарапайым жырларымен танылған талант иесінің жырлары бүгінгі қазақ поэзиясының ұлы мұраларының қатарында.

Поэзиялық кештің бірінші бөлімінде ақын поэзиясының негізінде жазылған сахналық қойылымдар көрсетілді. Оқушылар залға ақын бейнесін әкелгендей, өздері ақынмен қауышқандай сипатта жағымды әсер қалдырды. Мұқағалидің ролін мектебіміздің 8-сынып оқушысы Нұрғалым Қыдырбеков сомдап, ақынның жан тебіренісін көрермендерге жеткізе білді.

Екінші бөлім концерттік бағдарлама ақынның жүрекжарды жырларымен басталды. Мектеп оқушылары ақынның «Пай, пай өмір», «Қазақ жері», «Үш бақытым», «Арулар», «Қазақтың қара өлеңі», «Дос болам десең», «Отан», «Шыда» өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. Жоғары сынып оқушылары ақынның махаббат лирикасына арналған жырларын жұптасып айтты. 9-сынып оқушылары «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын жатқа айтса, мектебіміздің әнші оқушылары Мұқағалидің өлеңдеріне жазылған әндерін шырқады. Кеш шымылдығы М.Мақатаевтың сөзіне жазылған Н.Тілендиевтің әні «Саржайлаумен» жабылды.

Мектеп басшысы Әбдірахман Мұхамеджанұлы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері өмірден өзі кетсе де, өшпей жалғасын тауып келетінін және де бүгінгі кеш соның айғағы екендігін айтып, өнер көрсеткен оқушыларға ризашылығнын білдірді.

**Мөлдір Дүйсен,**
**№ 1 ЖОБМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**




СПОРТ

# ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ БАСКЕТБОЛШЫЛАР – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

**Мысты өлкеде байрағын көтерген республикалық баскетболшылар бәйгесі өз мәресіне жетіп, жеңіс тұғырынан көрінген командаларды марапаттау үшін қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова «Ұлытау» спорт кешенінде өткен салтанатқа қатысты.**

2002-2003 жылдары туған жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысқан 19 құрама команда төрт күн бойы бақ сынасты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушысы Иван Гайна жас спортшылардың ойынын тамашалап, төрелік еткенін айта кеткен жөн болар.

– Спорт пен салауатты өмір салты – мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» бағдарламасының басты басымдықтарының бірі. Бүгінгі таңда дене шынықтыру, спортпен шұғылдану, денсаулықты нығайту қазақстандықтардың өмір салтына айналып үлгерді. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тұрғындардың 30 пайызын бұқаралық спортпен айналысуға тарту тапсырмасының орындалғаны дәлел, – деген Зина Жұманазарқызы жеңімпаз командаларды марапаттауға кірісті.

Ойын қорытындысы бойынша қыздар арасында жүлделі І орынды Шымкент қаласының намысын қорғаған команда жеңіп алды. Тараз қаласының қыздар құрама командасы күміс жүлдені еншілесе, керекулік қыздар командасы жүлделі ІІІ орынға тұрақтады. Жасөспірімдер арасында І орын Қарағанды облысы құрама командасына бұйырса, Алматы қаласының баскетболшылары жүлделі ІІ орынды иеленді. Шымкент қаласының құрама командасы қола жүлдегер атанды. Қарағанды облысының намысын қолдан бермеген құрама командасының құрамында Жезқазған қаласының



мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінде бапкер-жаттықтырушы Виктор Жевагиннің алдын көрген жерлес ойыншылардың бары үлкен қуаныш. Жеңімпаз командалар дипломмен, медаль және кубокпен марапатталды. Сонымен қатар, ойын барысында шеберлігімен көзге түскен Түркістан обылысынан келген Мұхаммедәлі Үмбетов, алматылық Сардал Абашидзе мен Алексей Кочергин, шымкенттік Ерасыл Батырбай, жезқазғандық Станислав Сахипов және қыздар арасында жезқазғандық баскетболшы Аружан Майлыбай «Үздік ойыншы» номинациясына лайықты деп танылды.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# МҰҒАЛІМДЕР СПАРТАКИАДАСЫ

**Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті мен Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледждің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері арасында спартакиада жарысы өтті.**

«Сергектік және денсаулық» атты спартакиада Кеңгір суқоймасында өтті. Көтеріңкі көңіл күй мен спорттық белсенділікті арқалай келген оқытушыларға ауа райы да қолайлы болды. Күні бойы уақытын жабық кабинеттерде өткізетін универ қызметкерлері бұл спорт жарысы серпіліп, бойға жаңа қуат жинауға септескендей. Бұл шара жастардың спортқа деген белсенділігін арттырып, жарысқа мұғалімдерді барынша қызықтырып, олардың арасында үздік ұжымды таңдауды көздейді.

Жезқазған университетінің проректоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Дінмұхаммед Сәрсембаев спартакиаданың ашылуына қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ол әріптестеріне сәттілік тілеп, жылы лебізін жеткізді.

Университет және колледж қызметкерлері 4 командаға бөлініп, сынға түсті. Олардың қатарында Жезқазған университетінің әкімшілік-басқару персоналы, тау-кен технологиялық институтының құрамасы, гуманитарлық-педагогтік институтының құрамасы, Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің құрамасы болды. Бұл құрамалар төрт күн бойы шаңғы тебу, шанамен сырғанау, арқан тартыс, волейбол,үстел теннисі, шахмат, шашки сынды спорт ойындары бойынша жарысқа түсті.



Спорттың жеті түрі бойынша өткізілген спартакиада өз жеңімпаздарын анықтады. Мұғалімдер арасында спорттық ойын түрлерінен шеберлік көрсеткендер жеңіске жетті. Жарыстың қорытындысы бойынша, жалпы командалық есепте жүлделі ІІІ орынды Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі, ал ІІ орынды гуманитарлық-педагогтік институт жеңіп алды. Тау-кен технологиялық институты жеңімпаз атанды. Командаларға диплом мен қаржылай сыйлықтар табыс етілді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

БАЙҚАУ

**Академик Қаныш Сәтбаевтың атын иеленген №7 мектеп-лицей жылдағы дәстүр бойынша білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісін жетілдіру және сынып жетекшілерінің имиджін көтеру мақсатында «Үздік сынып жетекші» конкурсын өткізді. Биылғы ұстаздар додасы академик Қаныш Имантайұлының туғанына 120 жыл толуына және Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арналды.**

# «ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІ» БАЙҚАУЫ

## *ұстаздардың білім тәжірибесін сарапқа салды*



«Үздік сынып жетекші – 2019» байқауына бала жүрегіне жол тауып, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оның бойына тәлім-тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін 12 педагог қатысуға ниет танытқан. Олардың әрқайсысы конкурсқа үлкен дайындықпен келгенін айта кеткен жөн. Өнерлі де ұшқыр ойлы ұстаздар әр кезеңнен сүрінбей өтіп, өздеріне берілген тапсырмаларды орындауда тапқырлық пен білімділіктерін танытып қана қоймай шығармашыл тұлға екенін дәлелдей білді. Шәкірттерімен бірге қазақ ертегілерінің желісімен дайындаған сахналық көрінісі болсын, Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабынан монолог оқуы да көрерменді ерекше әсерге бөледі.

Сынып жетекшілердің алғашқы айналымы «Мен таңдаған мамандықтың бағасы...», «Жалпы ұлттық «Мәңгілік ел» идеясын таратудағы сынып жетекшісінің алатын орны» тақырыбында жазылған эсселерді талдауға арналды. Одан соң «Мен – ұстазбын» таныстырылымында іргелі білім ордасының сынып жетекшілері заман талабына сай инновациялық технологияны терең меңгеріп, білім беруде жаңа әдістерді қолданып жүргенін көрсетті. Оларды қолдай келген ата-аналар да бір-біріне: «Шынымен, біздің мұғаліміміз осындай», – десіп, марқайып отырғанын байқадық.

Білім беру саласының дамуына жаңашыл, шығармашыл, нәтижелі еңбегімен ерекше үлес қосып жүрген ұстаздардың қай-қайсысы болмасын үздік атануға лайық еді. Дегенмен, саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған тәжірибесі мол педагогтердің бағы мен бабы қатар шапты.

– Елімізді табысқа жеткізудің үш кілті бар. Олар:білім, ғылым, инновация. Осы үштік ең алдымен, бәсекеге қабілетті ұстаздардың бойынан табылуға тиісті. Бүгін біз Сіздердің бойларыңызда осы қасиеттердің барлығы барына куә болдық. Сіздер еліміздің болашағын тәрбиелейтін жеке дара тұлғасыздар, – деп сынып жетекшілер байқауынан алған әсерімен бөліскен Жезқазған қаласы білім бөлімі кәсіподақ комитетінің төрағасы Ләззат Күнеділова 2019 жылдың үздік сынып жетекшісін атады. Бұл атақ 4 «Д» сыныптың жетекшісі Мирамкүл Еспаеваға бұйырды. Жүлделі І орынды 10 «Б» сынып жетекшісі Айгүл Қалымбетова, ІІ орынды 6 «Ә» сынып жетекшісі Гүлбейбіт Бексинова жеңіп алды. Ал, бастауыш сыныптың мұғалімдері Мөлдір Нысанбаева, Аида Алшынбаева мен Фарида Төлегенова жүлделі ІІІ орынды өзара бөлісті. Сонымен қатар, өзге қатысушыларға да «Ең құзыретті, заманауи сынып жетекші»,«Ең үздік сахна қойылымы», «Ең білімді сынып жетекші», «Ұлттық құндылықты насихаттаушы» және «Ең жаңашыл сынып жетекшісі» номинациялары тағайындалды.

«Үздік сынып жетекші – 2019» байқауының жеңімпаздары мен қатысушылары арнайы дипломмен, сондай-ақ, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Бота ШАЛҚАР**

ТАҒЗЫМ

# КІТАПХАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУ

**Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 30 жыл толуына орай Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің № 9 үлгілі кітапхана филиалында Ауған соғысына қатысып, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, азаматтық борышын абыроймен атқарып, қанды қырғында мерт болған батыр, жауынгер-интернационалистерімізге арналған «Ауғанның от жалыны» атты естелік кеш өтті.**

Кездесуге қатысқан ауған соғысының ардагерлері Нұрлан Қасымов пен Төкен Қалқамбаев өткенге оралып, бастан кешкен оқиғалары жайында естеліктерімен бөлісті. Бүгінде қос ардагер еселі еңбегімен еліміздің дамуына үлес қосуда.

Кітапхананың тұрақты оқырманы Болат Досановтың орындауындағы «Аман бол, шешем, аман бол» күйі көптің көңілінен шықты. Қонақтарға тарту ретінде №10 орта мектеп оқушылары Есіл Кеңгірбай «Батырлар ұраны» әнін орындаса, Нұрсұлтан Түлкібаевтың орындауындағы «Кербез керік» күйі жиналғандардың құлақ құрышын қандырды. Сонымен қатар, «Ауған ақиқаты» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

Қарағанды облысынан екі мыңға жуық сарбаз Отан алдындағы борышын өтеуге отты ауған жеріне аттанғаны тарихтан белгілі. Олар азаматтық борышын қылау түсірмей орындап, алдыңғы толқын аға буынның ерлігін жалғастыра білгені жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Кездесуге




қатысқан Тәуелсіз Қазақстанның жастары батыр ағаларын мақтан тұтып, құрметтейтінін көрсетіп, сездірді. Сый-құрметке бөленген ауған соғысы ардагерлері кеш ұйымдастырушыларына ризашылықтарын білдіріп, өздерін ұйып тыңдаған жастарға ақ тілектерін ақтарды. Кітапхана ұжымы шараға белсене қатысқан оқушылар мен оқырмандарды Алғыс хатпен марапаттады.

**Тілек ИГІБАЕВА,**
**№ 9 үлгілі кітапхана филиалының меңгерушісі**